

**Жылжымалы жабдыққа қатысты халықаралық кепілдіктер туралы конвенцияны және
Жылжымалы жабдыққа қатысты халықаралық кепілдіктер туралы конвенцияға
Авиациялық жабдық жөніндегі хаттаманы ратификациялау туралы**

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 5 шілдедегі № 29-V Заны

(2009 жылғы 1 мамырда күшіне енді - КР СІМ-нің ресми сайты)

1-бап. 2001 жылғы 16 қарашада Кейптаунда жасалған Жылжымалы жабдыққа қатысты халықаралық кепілдіктер туралы конвенция мынадай мәлімдемелермен ратификацияланы:

1. Конвенцияның 39-бабы 1-тармағының а) тармақшасына сәйкес:

Қазақстан Республикасы кредиторлардың мынадай шарттан тыс құқықтары немесе кепілдіктері санаттарының:

1) объектінің қаржыландырудың немесе оның лизингінің шарты бойынша жұмыс берушінің міндеттемелерін орындаудың басталғаны жарияланған кезден бастап туындаған еңбекке ақы төлеу жөніндегі талаптарының;

2) өздерінің иелігіндегі объектіде жөндеу жұмыстарын жүргізген адамдардың жүргізілген жұмыстар құнының сомасы және объектінің ұлғайтылған құнының сомасы шектерінде осындай жұмыстарға ақы төлеу жөніндегі талаптарының, -

оның заңнамасына сәйкес объектіге қандай да бір кепілдікке қатысты тіркелген халықаралық кепілдік иесіне тиесілі кепілдіктің басымдығына балама басымдыққа ие болатынын және олардың тіркелген халықаралық кепілдіктің алдында осы кепілдіктің дәрменсіздік жөніндегі рәсімдерге байланысты немесе байланысты емес екендігіне қарамастан, басым күші болатынын мәлімдейді.

2. Конвенцияның 39-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес:

Қазақстан Республикасы осы Конвенциядағы ешнәрсе де Қазақстан Республикасының немесе мемлекеттік ұйымның, үкіметаралық ұйымның немесе қоғамдық қызмет көрсететін басқа да жеке өнім берушінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аталған объект немесе басқа объект үшін мұндай қызмет көрсетуді ұсынуға тікелей қатысы бар осындай ұйымға немесе өнім берушіге тиесілі сомалар төлемі үшін объектіге тыйым салу немесе оны кідірту құқығына әсер етпейтінін мәлімдейді.

3. Конвенцияның 39-бабының 4-тармағына сәйкес:

Қазақстан Республикасы Конвенцияның 39-бабы 1-тармағының а) тармақшасына сәйкес жасалған мәлімдеме қолданылатын санаттардың бірінің құқығы немесе кепілдігі Хаттама ратификацияланған күнге дейін тіркелген халықаралық кепілдікке қатысты басымдыққа ие болатынын мәлімдейді.

4. Конвенцияның 40-бабына сәйкес:

Қазақстан Республикасы шарттан тыс құқықтардың немесе кепілдіктердің мынадай санаттары:

1) қүшіне енген сот шешімін толық немесе ішінде орындау мақсатында авиациялық объектіге тыйым салуды көздейтін сот актісін алған тұлғаның құқығы;

2) салықтар және келген басқа төлемдер бойынша берешектің төленуін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік органдардың мүлікке тыйым салу құқығы және басқа құқықтары (Конвенцияның 39-бабы 1-тармағының а) тармақшасы бойынша мәлімдемеге енгізілмегендері);

3) Конвенцияның 39-бабы 1-тармағының а) тармақшасы бойынша мәлімдемеге енгізілмеген келген өзге де шарттан тыс құқықтар немесе кепілдіктер, -

осындай құқықтар немесе кепілдіктер халықаралық кепілдіктерді білдіретіндей объектілердің келген санаты бойынша осы Конвенцияға сәйкес тіркелуге жататынын және халықаралық кепілдіктер ретінде қарастырылуға тиіс екенін мәлімдейді.

5. Конвенцияның 53-бабына сәйкес:

Қазақстан Республикасы Конвенцияның 1-бабының және XII тарауының мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті дау сотта қарауына жатқызылған Қазақстан Республикасының барлық соттары тиісті соттар болып табылатындығын мәлімдейді.

6. Конвенцияның 54-бабының 2-тармағына сәйкес:

Қазақстан Республикасы Конвенцияның қандай да болсын ережелеріне сәйкес және онда құқықтарды қорғаудың тәсілі ретінде айқын белгіленбекен, ол үшін сотқа жүргіну керек болатын, кредиторда бар құқықтарды қорғаудың келген тәсілі сот бұйрығы, шешімі және келген өзге сот актісі болмаса да, қолданылуы мүмкін екендігін мәлімдейді.

2-бап. 2001 жылғы 16 қарашада Кейптаунда жасалған Жылжымалы жабдыққа қатысты халықаралық кепілдіктер туралы конвенцияға Авиациялық жабдық жөніндегі хаттама мынадай мәлімдемелермен ратификациялансын:

1. Хаттаманың XXX бабының 1-тармағына сәйкес:

Қазақстан Республикасы Хаттаманың VIII бабын қолданатынын мәлімдейді;

Қазақстан Республикасы Хаттаманың XII бабын қолданатынын мәлімдейді;

Қазақстан Республикасы Хаттаманың XIII бабын қолданатынын мәлімдейді.

2. Хаттаманың XXX бабының 2-тармағына сәйкес:

Қазақстан Республикасы Хаттаманың X бабын толық қолданатынын және Хаттаманың X бабының 2-тармағында көрсетілген шекті мерзімнің мақсаттары үшін пайдаланылатын жұмыс күндерінің саны:

1) Конвенцияның 13-бабы 1-тармағының а), б) және с) тармақшаларында айқындалған шараларға қатысты (авиациялық объектілерді сактау және олардың құны

туралы; авиациялық объектілерді иелікке, бақылауға немесе сақтауға беру туралы; авиациялық объектілердің орналасқан жерін өзгертуге тыйым салу туралы) –
күнтізбелік 10 (он) күннен;

2) Конвенцияның 13-бабы 1-тармағының d) және e) тармақшаларында көрсетілген шараларға қатысты (осы көрсетілгеннен табыс ала отырып, авиациялық объектіні лизингке немесе басқаруға беру туралы; авиациялық жабдықты сату және сатудан түскен түсімді пайдалану туралы) – күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспауға тиіс екенін мәлімдейді.

3. Хаттаманың XXX бабының 3-тармағына сәйкес:

Казақстан Республикасы Хаттаманың XI бабының А Нұсқасын дәрменсіздік жөніндегі рәсімдердің барлық түрлеріне толық қолданатынын және осы нұсқаны Хаттаманың XI бабы 3-тармағының мақсаттары үшін күту мерзімі күнтізбелік 60 (алпыс) күнді құрайтынын мәлімдейді.

3-бап. Осы ЗАң 2008 жылғы 25 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі.

Казақстан

Республикасының

Президенті

Н. НАЗАРБАЕВ

ЖЫЛЖЫМАЛЫ ЖАБДЫҚҚА ҚАТЫСТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕПІЛДІКТЕР ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ

ОСЫ КОНВЕНЦИЯҒА ҚАТЫСУШЫ МЕМЛЕКЕТТЕР

жоғары құндылығы немесе айрықша экономикалық маңызы бар жылжымалы жабдықты сатып алу мен пайдалану және осындай жабдықты сатып алуды қаржыландыру мен тиімді пайдалануға көмек көрсету қажеттігін СЕЗІНЕ ОТЫРЫП,

лизингтің және активтермен қамтамасыз етілген қаржыландырудың артықшылықтарын ТАНИ ОТЫРЫП және осындай мәмілелерге нақты реттеу қағидаларын белгілеу жолымен жәрдемдесуге ниет білдіре отырып,

осындай жабдықтарға қатысты кепілдіктерді әмбебап танумен және қорғаумен қамтамасыз ету қажеттігін ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП,

барлық мұдделі тараптардың кең әрі өзара экономикалық тиімділіктерін қамтамасыз етуге НИЕТ БІЛДІРЕ ОТЫРЫП,

осындай қағидалар лизингтің және активтермен қамтамасыз етілген қаржыландырудың негізінде жатқан қағидаттарды көрсетуге және тараптардың осы мәмілелердегі еркінің автономдығы қағидатының құрметтелуін қамтамасыз етуге тиіс екеніне СЕНІМ БІЛДІРЕ ОТЫРЫП,

осындай жабдыққа қатысты халықаралық кепілдіктер үшін құқықтық шенберлер белгілеу және осы мақсатта оларды қорғау үшін халықаралық тіркеу жүйесін құру қажеттігін СЕЗІНЕ ОТЫРЫП,

осындай жабдыққа қатысты қолданыстағы конвенцияларда жария етілген мақсаттар

I тарау

Қолданылу саласы және жалпы ережелер

1-бап. Анықтамалар

Осы Конвенцияда мән-жайлар өзгеше талап ететін жағдайларды қоспағанда, мына терминдер төменде көрсетілген мәнінде пайдаланылады:

а) «келісім» міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету туралы келісімді, меншік құқығын резервтей отырып, алдын ала сату туралы келісімді немесе лизинг туралы келісімді білдіреді;

б) «цессия» шартты білдіреді, оған сәйкес цессонарийге осы шарттың қамтамасыз ету ұсыныла отырып жасалған-жасалмағанына қарамастан, тиісті халықаралық кепілдік беріліп немесе берілмей, объектімен байланысты құқықтар беріледі;

с) «объектімен байланысты құқықтар» объектімен қамтамасыз етілген немесе онымен байланысты келісім бойынша төлемақыны алуға немесе борышкердің өзгедей орындауына деген барлық құқықтарды білдіреді;

д) «дәрменсіздік жөніндегі рәсімдердің басталуы» дәрменсіздік туралы қолданылатын заңға сәйкес дәрменсіздік жөніндегі рәсімдер басталды деп есептелетін уақытты білдіреді;

е) «әлеуетті сатып алушы» меншік құқығын резервтей отырып, алдын ала сату туралы келісім бойынша сатып алушыны білдіреді;

ф) «әлеуетті сатушы» меншік құқығын резервтей отырып, алдын ала сату туралы келісім бойынша сатушыны білдіреді;

г) «сату-сатып алу шарты» сатушының сатып алушыға объектіні сатуы туралы шартты білдіреді, ол жоғарыда, а) тармағында айқындалғандай келісім болып табылады;

х) «сот» жалпы юрисдикция сотын немесе әкімшілік трибуналды немесе Уағдаласушы Мемлекет құрған төрелікті білдіреді;

і) «кредитор» міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету туралы келісім бойынша - кепіл ұстаушыны, меншік құқығын резервтей отырып, алдын ала сату туралы келісім бойынша әлеуетті сатушыны немесе лизинг туралы келісім бойынша лизинг берушіні білдіреді;

ж) «борышкер» міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету туралы келісім бойынша - кепіл берушіні, меншік құқығын резервтей отырып, алдын ала сату туралы келісім бойынша - әлеуетті сатып алушыны, лизинг туралы келісім бойынша - лизинг алушыны немесе объектіге құқығына қандай да бір өзгеше тіркелетін, шарттан тыс

құқықпен немесе кепілдікпен ауыртпалық салынған тұлғаны білдіреді;

к) «дәрменсіздік бойынша басқарушы» қайта ұйымдастыруды немесе таратуды басқару құқығы берілген, оның ішінде уақытша негізде тағайындалған тұлғаны білдіреді және, егер бұл дәрменсіздік туралы қолданылатын заңда рұқсат етілсе, иеліктегі борышкерді де қамтиды;

1) «дәрменсіздік жөніндегі рәсімдер» уақытша рәсімдерді қоса алғанда, банкроттықты, таратуды немесе басқа да ұжымдық соттық немесе әкімшіліктік рәсімдерді білдіреді, олардың кезінде борышкердің активтері мен шаруашылық қызметі қайта ұйымдастыру немесе тарату мақсатында сот тарарапынан бақылануға немесе қадағалануға жатады;

m) «мұдделі тараптар»:
i) борышкерді;

ii) кредитордың пайдасына қандай да бір міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында бірінші талап ету бойынша кепілгерлікті беретін немесе кепілдікті ұсынатын, резервтік аккредитивті немесе кредиттің қамтамасыз етілуі туралы кез келген басқа құжатты ұсынатын кез келген тұлғаны;

iii) объектіге құқығы бар кез келген басқа тұлғаны білдіреді;

n) «ішкі мәміле» егер мәміле жасалған кезде осындай мәміледегі барлық тараптардың негізгі мұдделер орталығы және мәміле объектісі (оның түрған жері Хаттаманың ережелеріне сәйкес айқындалады) бір ғана сол Уағдаласуши Мемлекетте болса және, егер мәмілемен жасалған кепілдік 50-баптың 1-тармағына сәйкес мәлімдеме жасаған осы Уағдаласуши Мемлекеттің ұлттық тіркелімінде тіркелген болса, 2-баптың 2-тармағының а) - с) тармақшаларында атап санамаланған типтердің бірінің мәмілесін білдіреді;

o) «халықаралық кепілдік» кредиторда бар, өзіне 2-бап қолданылатын кепілдікті білдіреді;

p) «Халықаралық тіркелім» осы Конвенцияның немесе Хаттаманың мақсаттары үшін құрылатын халықаралық тіркеу қызметін білдіреді;

q) «лизинг туралы келісім» ол бойынша бір тұлға (лизинг беруші) басқа тұлғаға (лизинг алушыға) жалдау немесе өзгедей төлем үшін объектіге иелік ету немесе оны басқару құқығын (оны сатып алу құқығымен немесе ондай құқықсыз) беретін келісімді білдіреді;

r) «ұлттық кепілдік» кредитор иелік ететін объектіге қатысты және 50-баптың 1-тармағына сәйкес жасалған мәлімдеменің аясына кіретін ішкі мәміле нәтижесінде қалыптасатын кепілдікті білдіреді;

s) «шарттан тыс құқық немесе кепілдік» мемлекет, мемлекеттік ұйым немесе үкіметаралық немесе жекеше ұйым алдындағы міндеттемелерді қоса алғанда, 39-бапқа сәйкес мәлімдеме жасаған уағдаласуши Мемлекетке міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін заңға сәйкес берілетін құқықты немесе кепілдікті білдіреді;

t) «ұлттық кепілдік туралы хабарлама» ұлттық кепілдіктің құрылғаны туралы, Халықаралық тіркелімде тіркелген немесе тіркелуге жататын хабарламаны білдіреді;

и) «объект» 2-баптың ережелері қолданылатын санаттардың біріне жататын обьектіні ; білдіреді;

v) «бұрын болған құқық немесе кепілдік» осы Конвенция күшіне енген қунге дейін туындаған немесе болған, 60-баптың 2-тармағының а) тармақшасында айқындалған обьектіге қатысты кез келген түрдегі құқықты немесе кепілдікті білдіреді;

w) «өтеу» обьектінің толық немесе ішінара жоғалтылуы, физикалық бұзылуы немесе оның толық немесе ішінара тәркіленуі, мәжбүрлеп иеліктен шығарылуы немесе реквизициялануы нәтижесінде туындаған обьектіге қатысты кез келген түрдегі құқықты немесе кепілдікті білдіреді ;

x) «шартты цессия» осы оқиғаның басталатынына сенімнің бар-жоғына қарамастан, болашақта, мәлімделген оқиға басталған бойда жасауға ниет етілген цессияны білдіреді ;

y) «шартты халықаралық кепілдік» осы оқиғаның басталатынына сенімнің бар-жоғына қарамастан, болашақта, мәлімдеген оқиға басталған бойда (борышкердің осы обьектіге қандай да бір құқықты ықтимал сатып алуын қоса алғанда) қандай да бір обьектіге қатысты халықаралық кепілдік ретінде беруге немесе көздеуге ниеті етілген кепілдікті ; білдіреді;

z) «шартты сату» осы оқиғаның басталатынына сенімнің бар-жоғына қарамастан, болашақта, мәлімделген оқиға басталған бойда жүргізуге ниет етілген сатуды білдіреді;

aa) «Хаттама» осы Конвенция қолданылатын обьектілердің және обьектілермен байланысты құқықтардың кез келген санаты үшін осы обьектілер және олармен байланысты құқықтар санатына қатысты қолданылатын Хаттаманы білдіреді;

bb) «тіркелген» V тарауға сәйкес Халықаралық тіркелімге енгізілгенде білдіреді;

cc) «тіркелген кепілдік» V тарауға сәйкес тіркелген халықаралық кепілдікті, тіркелетін шарттан тыс құқықты немесе кепілдікті не ұлттық кепілдік туралы хабарламада көрсетілген ұлттық кепілдікті білдіреді;

dd) «тіркелетін шарттан тыс құқық немесе кепілдік» 40-бапқа сәйкес сақтауға берілген мәлімдемеге сәйкес тіркелуге жататын шарттан тыс құқықты немесе кепілдікті білдіреді ;

ee) «Тіркеуші» Хаттамаға қатысты алғанда Хаттамада айқындалған немесе 17-баптың 2-тармағының b) тармақшасына сәйкес тағайындалған тұлғаны немесе органды білдіреді ;

ff) «қағида» Хаттамаға сәйкес Бақылаушы орган белгілеген немесе бекіткен қағиданы ; білдіреді;

gg) «сату» сату-сатып алу шартына сәйкес обьектіге меншік құқығын беруді білдіреді ;

hh) «қамтамасыз етілген міндеттеме» тиісті қамтамасыз ету кепілдігімен

қамтамасыз

етілген

міндеттемені

білдіреді;

ii) «міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету туралы келісім» ол бойынша кепіл беруші кепіл алушыға кепіл берушінің немесе үшінші тұлғаның кез келген қазіргі бар немесе болашақтағы міндеттемесінің орындалуын қамтамасыз ету тәртібімен объектіге қандай да бір құқықты (меншік құқығын қоса алғанда) беретін немесе беруге келісетін к е л і с і м ;

jj) «қамтамасыз ету кепілдігі» міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету туралы келісімнің негізінде жасалған кепілдікті білдіреді;

kk) «Бақылаушы орган» Хаттамаға қатысты тұрғыда 17-баптың 1-тармағында аталған Бақылаушы органды білдіреді;

ll) «меншік құқығын резервтей отырып, алдын ала сату туралы келісім» объектіге меншік құқығы осындай келісімде айтылған шартты немесе шарттарды орындағанға дейін ауыспайтыны туралы ескертуі бар объектіні сату туралы келісімді білдіреді;

mm) «тіркелмеген келісім» осы Конвенцияға сәйкес тіркелуге жататын-жатпайтынына қарамастан, әлі тіркелмеген шарттық кепілдікті не шарттан тыс құқықты немесе кепілдікті (өзіне 39-бап қолданылатын кепілдіктен басқасын) б і л д і р е д і ;

nn) «жазбаша тұрде» материалдық немесе өзгеше нысанда жасалған және кейіннен материалдық нысанға келтіріле алатын және осындай жазбаны жіберген тұлғаның келісімін ақылға қонымды тұрде көрсететін ақпарат жазбасын (электр-байланыс құралдары арқылы берілген ақпаратты қоса алғанда) білдіреді.

2-бап. Халықаралық кепілдік

1. Осы Конвенция жылжымалы жабдықтың және объектілермен байланысты құқықтардың жекелеген санаттарына қатысты халықаралық кепілдіктердің туындау тәртібі мен салдарын айқындаиды.

2. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін жылжымалы жабдыққа қатысты халықаралық кепілдік 3-тармақта атап тізбеленген және Хаттамада белгіленген объектілер санаттарының біріне тиесілі:

а) міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету туралы келісім бойынша кепіл беруші б е р г е н ;

б) меншік құқығын резервтей отырып, алдын ала сату туралы келісімге сәйкес әлеуетті сатушы болып табылатын тұлғага тиесілі немесе

с) лизинг туралы келісім бойынша лизинг беруші болып табылатын тұлғага тиесілі біртекті бірдейлендірілетін объектіге қатысты 7-бапқа сәйкес туындаған кепілдік болып т а б ы л а д ы .

Осы орайда а) тармақшасының қолданысы аясына кіретін кепілдік b) немесе с) тармақшаларының қолданысы аясына кірмейді.

3. Алдыңғы тармақтарда аталған объектілер санатына:
- a) әуе кемелерінің планерлері, авиациялық қозғалтқыштар және тікүшақтар;
 - b) теміржол жылжымалы құрамы;
 - c) фарыш құралдары кіреді.

4) Қолданылатын құқық 2-тармақ қолданылатын кепілдіктің аталған тармақтың а), б) немесе с) тармақшаларының қолданысы аясына кіретін-кірмейтіні туралы мәселені айқындаиды.

5) Объектіге қатысты халықаралық кепілдік ол бойынша өтеуге де қолданылады.

3-бап. Қолданылу аясы

1. Осы Конвенция халықаралық кепілдікті туыннататын немесе көздейтін келісім жасалған сәтте борышкер Уағдаласушы Мемлекетте болған кезде қолданылады.

2. Кредитордың Уағдаласушы Мемлекет болып табылмайтын мемлекетте болу фактісі осы Конвенцияның қолданылуына әсер етпейді.

4-бап. Борышкердің тұрған жері

1. 3-баптың 1-тармағының мақсаттары үшін борышкер:

- a) заңнамасына сәйкес өзі құрылған немесе қалыптасқан;
- b) онда оның тіркелген мекемесі немесе заңнамада көзделген штаб-пәтері бар;
- c) онда ол өзінің әкімшілік орталығына ие немесе
- d) онда ол өзінің шаруашылық қызметін жүргізетін Уағдаласушы Мемлекеттің бірінде тұрады деп есептеледі.

2. Алдыңғы тармақтың d) тармақшасындағы борышкердің шаруашылық қызмет жүргізу орнына сілтеме, егер ол бірден көп осындай қызмет орнына ие болса, негізгі шаруашылық қызметті жүргізу орнын немесе, егер ол мұндай қызмет орнына ие болмаса, оның әдеттегі болу орнын білдіреді.

5-бап. Түсіндіру және қолданылатын құқық

1. Осы Конвенцияны түсіндірген кезде оның кіріспеде айқындалған мақсаттары, оның халықаралық сипаты және оны бірыңғай және реттеп қолдануға жәрдемдесу қажеттігі назарға алдынуға тиіс.

2. Осы Конвенцияның қолданылу аясына жататын, бірақ онда тікелей реттелмеген мәселелер Конвенция негізделетін жалпы қағидаттарға сәйкес немесе мұндай қағидаттар болмаған ретте, қолданылатын құқыққа сәйкес реттелуге тиіс.

3. Қолданылатын құқыққа сілтеме мемлекетте әрекет ететін соттарда халықаралық жекеше құқық нормаларының күшіне орай қолданылатын мемлекетішілік құқық нормаларына сілтеме болып табылады.

4. Егер мемлекет әрбірі реттелуге жататын мәселеге қатысты өз құқық нормаларына ие бірнеше аумақтық бірліктен тұратын болса және, егер тиісті аумақтық бірлікке нұсқау болмаса, нормалары қолданылуға жататын аумақтық бірлік осы мемлекеттің құқығымен айқындалады. Осы себеп бойынша қандай да бір норма болмағанда, іс барынша тығыз түрде байланысты болатын аумақтық бірліктің құқығы қолданылады.

6-бап. Конвенция мен Хаттама арасындағы өзара байланыс

1. Осы Конвенция мен Хаттама бірлескен түрде бір құжат ретінде қарастырылады
және түсіндіріледі.

2. Осы Конвенция мен Хаттама арасында қандай да бір сәйкесіздік болған жағдайда Хаттама артықшылыққа ие болады.

II тарау

Халықаралық кепілдіктің қалыптасуы

7-бап. Формальді талаптар

Осы Конвенцияга сәйкес, егер кепілдікті жасайтын немесе көздейтін келісім:

- a) жазбаша түрде жасалса;
- b) кепіл беруші, әлеуетті сатушы немесе лизинг беруші билік ету құқығына ие обьектіге жататын болса;
- c) обьектіні Хаттамаға сәйкес бірдейлендіруге мүмкіндік берсе;
- d) міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету туралы келісімге қатысты түрғыда қамтамасыз етілген міндеттемелерді айқындауға мүмкіндік берсе, бірақ қамтамасыз етудің сомасына немесе ең жоғарғы сомасына нұсқауды міндетті түрде қамтымаса, кепілдік халықаралық ретінде қалыптасады.

III тарау

Міндеттемелер орындалмаған кезде құқықтарды қорғау тәсілдері

8-бап. Кепіл ұстаушының құқықтарын қорғау тәсілдері

1. 11-баптың мәні түрғысынан міндеттемелер орындалмаған жағдайда кепіл ұстаушы қандай да бір сэтте осымен келіскендей дәрежеде және Уағдаласуши Мемлекет 54-бапқа сәйкес жасауы мүмкін кез келген мәлімдемені ескере отырып, төменде атап санамаланған құқықтарды қорғау тәсілдерінің біреуін немесе бірнешеуін пайдалаңа алады:

- а) өзіне міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәртібімен берілген

объектіні иелігіне қабылдау немесе оған бақылау орнату;

б) кез келген осындай объектіні сату немесе лизингке беру;

с) осындай объектіні басқару немесе оны пайдалану нәтижесінде қалыптасқан кез келген табисты немесе пайданы инкассалау немесе алу.

2. Кепіл ұстаушы балама ретінде соттан алдыңғы тармақта көрсетілген іс-әрекеттердің кез келгенін жасауды санкциялайтын немесе нұсқайтын шешім қабылдау туралы етіне алады.

3. 1-тармақтың а), б) немесе с) тармақшаларында немесе 13-бапта көрсетілген құқықтарды қорғаудың кез келген тәсілі коммерциялық қатынас тұрғысынан ақылға қонымды түрде пайдаланылады. Егер құқықтарды қорғау тәсілі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету туралы келісімнің қандай да бір ережесіне сәйкес қолданылса, осындай ереже анық өзін-өзі ақтамайтын болып табылатын жағдайларды қоспағанда, ол коммерциялық қатынас тұрғысынан ақылға қонымды болып есептеледі.

4. 1-тармаққа сәйкес объектіні сатуды немесе оны лизингке беруді ұйғарған кепіл ұстаушы ақылға қонымды мерзімде:

а) 1-баптың м) тармағының i) және ii) тармақшаларында көрсетілген мұдделі тұлғаларға;

б) 1-баптың м) тармағының iii) тармақшасында көрсетілген, объектіні сатқанға немесе лизингке бергенге дейін ақылға қонымды мерзімде кепіл ұстаушыны өздерінде бар құқықтар туралы хабардар еткен мұдделі тұлғаларға объектінің ұйғарылған сатылуы немесе оның лизингке берілуі туралы алдын ала жазбаша хабарлама тобыс етеді.

5. 1 немесе 2-тармақта көрсетілген құқықтарды қорғау тәсілдерінің қандай да бірін пайдалану нәтижесінде кепіл ұстаушы инкассалаған немесе алған кез келген сома қамтамасыз етілген міндеттемелердің сомасын жабуға жіберіледі.

6. Егер 1 немесе 2-тармақта көрсетілген құқықтарды қорғау тәсілдерінің қандай да бірін пайдалану нәтижесінде кепіл ұстаушы инкассалаған немесе алған сома қамтамасыз ету кепілдігінің шенберінде қамтамасыз етілген сомадан және құқықтарды осындай қорғау тәсілін қолданумен байланысты кез келген ақылға қонымды шығындардан асып түссе, онда егер сот өзгеше шешім шығармаса, кепіл ұстаушы артық соманы тіркелген немесе олар туралы кепіл ұстаушы хабардар етілген келесі кепілдіктер иелерінің арасында кезектілік тәртібімен бөледі және кез келген қалдықты кепіл берушіге төлейді.

9-бап. Меншік құқықтарының міндеттемелерді қанағаттандыру тәртібімен ауысуы; кепіл ауыртпалығынан босату

1. 11-баптың мәні тұрғысынан міндеттемелер орындалмағаннан кейін кез келген уақытта кепіл ұстаушы мен мұдделі тұлғалар өзіне қатысты қамтамасыз ету кепілдігі

қолданылатын қандай да бір объектіге қатысты меншік құқығы (немесе кепіл берушінің кез келген өзге құқығы) қамтамасыз етілген міндеттемелердің барлығын немесе бір бөлігін қанағаттандыру тәртібімен кепіл ұстаушыға ауысатыны туралы келісімге келуі мүмкін.

2. Кепіл ұстаушының өтініші бойынша сот қамтамасыз ету кепілдігі қолданылатын қандай да бір объектіге қатысты меншік құқығы (немесе кепіл берушінің кез келген өзге құқығы) қамтамасыз етілген міндеттемелердің барлығын немесе бір бөлігін қанағаттандыру тәртібімен кепіл ұстаушыға ауысатыны туралы қаулы етуі мүмкін.

3. Сот, егер осындай ауысу жолымен қанағаттандырылуға жататын қамтамасыз етілген міндеттемелердің сомасы кепіл ұстаушының кез келген мүдделі тұлғаларға алдағы барлық төлемдерін ескергендеңі объектінің құнына мөлшерлес болған жағдайда ғана алдыңғы тармақта көрсетілген өтінішті қанағаттандырады.

4. 11-баптың мәні тұрғысынан міндеттемелер орындалмағаннан немесе 2-тармаққа сәйкес шешім шығарылғаннан кейінгі кез келген уақытта кепіл ұстаушы немесе кез келген мүдделі тұлға кепіл ұстаушының объектіні 8-баптың 1-тармағының b) тармақшасына сәйкес немесе 8-баптың 2-тармағына сәйкес шығарылған шешім бойынша лизингке беруі шартымен қамтамасыз ету сомасын толық төлей отырып, қамтамасыз ету кепілдігімен ауыртпалық салынған объектіге қатысты міндеттемелерді өзінен алып тастай алады. Егер міндеттемелерді осындай орындаудан кейін қамтамасыз ету сомасын толық көлемде төлеуді борышкер емес, қандай да бір мүдделі тұлға жасаса, кепіл ұстаушының құқығы осы тұлғаға ауысады.

5. Кепіл ұстаушының 8-баптың 1-тармағы b) тармақшасының күшіне орай сату кезінде ауысатын немесе осы баптың 1 немесе 2-тармағына сәйкес ауысатын меншік құқығы немесе кез келген өзге құқығы өзіне қатысты кепіл ұстаушының қамтамасыз ету кепілдігі 29-баптың ережелеріне сәйкес басымдыққа ие болатын кез келген басқа кепілдік ауыртпалығынан бос болып табылады.

10-бап. Әлеуетті сатушының немесе лизинг берушінің құқықтарын қорғау тәсілдері

11-бапта айтылған, меншік құқығын резервтей отырып, алдын ала сату туралы келісім бойынша немесе лизинг туралы келісім бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда әлеуетті сатушы немесе мән-жайға қарай лизинг беруші:

а) Уағдаласуши Мемлекеттің 54-бапқа сәйкес жасауы мүмкін кез келген мәлімдемесін ескере отырып, осындай келісімнің қолданысын тоқтатуы және осы келісім қатысты болатын кез келген объектіге иелік етуге кірісүі не оған бақылау орнатуы;

б) жоғарыда көрсетілген іс-әрекеттердің қандай да бірін санкциялайтын немесе нұсқайтын өкім шығару туралы қолдаухатпен сотқа жүгінуі мүмкін.

11-бап. Міндеттемелердің орындалмауы

1. Борышкер мен кредитор кез келген сәтте 8-10 және 13-баптарда көрсетілген құқықтар және құқықтардың қорғау тәсілдері туындау үшін міндеттемелердің орындалмауы немесе өзге де негіздердің қандай жағдайды қалыптастыратыны туралы мәселені жазбаша түрде келісе алады.

2. Егер борышкер мен кредитор осы мәселені келісіп алмаған жағдайда, 8-10 және 13-баптардың мақсаттары үшін «міндеттемелердің орындалмауы» кредиторды келісім бойынша жоспарлауына құқылы нәрсесінен едәуір дәрежеде айыратын міндеттемелердің орындалмауын білдіреді.

12-бап. Құқықтарды қорғаудың қосымша тәсілдері

Тараптардың арасында келісілген құқықтарды қорғаудың кез келген тәсілдерін қоса алғанда, қолданылатын құқыққа сәйкес жол берілетін құқықтарды қорғаудың кез келген қосымша тәсілдері олар осы тараудың 15-бапта көрсетілген империативтік ережелеріне қайшы келмейтіндей шамада пайдаланылуы мүмкін.

13-бап. Құқықтарды қорғау жөніндегі уақытша шаралар

1. Уағдаласушы Мемлекет өзі 55-бапқа сәйкес жасай алатын кез келген мәлімдемесін ескере отырып, борышкердің міндеттемелерді орындауда оның құнын бергенде келтірілген:

- a) объектінің және оның құнын сақтау туралы;
- b) объектінің иеленуге, бақылауға немесе сақтауға беру туралы;
- c) объектінің тұрған жерін өзгертуге тыйым салу туралы;

d) объектінің лизингке немесе a)-c) тармақшаларында қамтылған жағдайларды қоспағанда, көрсетілгеннен табыс ала отырып, басқаруға беру туралы қаулылар түрлерінің біреуі немесе бірнешеуі нысанында қорғау алу мүмкіндігі болуына ие болуын қамтамасыз етеді.

2. Сот алдыңғы тармақта көзделген шешімдерден кез келгенін қабылдай отырып, егер кредитор :

а) осындай қорғауды беру туралы кез келген шешімді орындау кезінде осы Конвенция немесе Хаттама бойынша борышкер алдындағы өз міндеттемелерінің қандай да бірін орындауға жол беретін немесе

б) осы талап бойынша түпкілікті шешім шығару шеңберінде өз ұстанымын толық немесе ішінара тұжырымдай алмаған жағдайға орай мүдделі тараптарды қорғау үшін қажет деп есептейтін шарттарды белгілеуі мүмкін.

3. Сот 1-тармаққа сәйкес қандай да бір қаулыны шығарғанға дейін кез келген мұдделі тұлғадан осындай сауал туралы хабарламаны талап ете алады.

4. Осы баптағы ештеңе 8-баптың 3-тармағын қолдануға әсер етпейді және 1-тармақта атап санамаланғаннан басқа, уақытша сот қорғауы нысандарын қолдану мүмкіндітерін шектемейді.

14-бап. Іс жүргізу сипатындағы талаптар

54-баптың 2-тармағы сақталған жағдайда, осы тарауда көзделген құқықтарды қорғаудың кез келген тәсілі ол жүзеге асырылуға жататын аумақтың іс жүргізу нормаларына сәйкес пайдаланылады.

15-бап. Шегіну

Осы тарауға айтылған кез келген екі немесе одан да көп тарап кез келген уақытта жазбаша түрде ресімделген 8 (3-6-тармақтар), 9 (3 және 4-тармақтар), 13 (2-тармақ) және 14-баптардың ережелерін қоспағанда, келісім жасау жолымен осы тараудың алдыңғы кез келген ережелерін орындаудан бас тартуы немесе олардың қолдану салдарын өзгертуі мүмкін.

IV тарау

Халықаралық тіркеу жүйесі

16-бап. Халықаралық тіркелім

1. Халықаралық тіркелім :

а) халықаралық кепілдіктерді, шартты халықаралық кепілдіктерді және тіркелетін шарттан тыс құқықтар мен кепілдіктерді;

б) халықаралық кепілдіктердің цессияларын және шартты цессияларын;

с) халықаралық кепілдіктерді заңың құшіне орай суброгациялау жолымен немесе қолданылатын құқыққа сәйкес шарт бойынша сатып алуды;

д) ұлттық кепілдіктер туралы хабарламаларды;

е) алдында аталған тармақшалардың кез келгенінде айтылған кепілдіктердің бағыныстылық тәртібін тіркеу үшін құрылады.

2. Объектілердің және олармен байланысты құқықтардың әртүрлі санаттары үшін әртүрлі халықаралық тіркелімдер құрылуы мүмкін.

3. Осы тараудың және V тараудың мақсаттары үшін «тіркеу» термині тиісті жағдайларда тіркеу қолданысының өзгеруін, ұзартылуын немесе тоқтатылуын қамтиды

17-бап. Бақылаушы орган және Тіркеуші

1. Хаттамада көзделген Бақылаушы орган құрылады.

2. Бақылаушы орган:

a) Халықаралық тіркелімді құрады немесе оның құрылуын көздейді;

b) Хаттамада өзгеше көзделетін жағдайларды қоспағанда, Тіркеушіні лауазымға тағайындауды және одан босатады;

c) Халықаралық тіркелімнің үздіксіз тиімді жұмыс істеуі үшін талап етілетін кез келген құқықтар Тіркеуші ауысқан жағдайда жаңа Тіркеушіге беріле алатындау ережені қамтамасыз етеді.

d) Уағдаласуши Мемлекеттермен консультациялардан кейін Хаттаманың орындалуы тұрғысынан халықаралық тіркелімнің жұмысына қатысты ережелерді қабылдайды немесе бекітеді және олардың жариялануын қамтамасыз етеді;

e) Халықаралық тіркелімнің жұмысына шағыммен Бақылаушы органға жүгіну тәртібін реттейтін әкімшілік ресімдерді белгілейді;

f) Тіркеушінің қызметін және Халықаралық тіркелімнің жұмыс істеуін бақылауды жүзеге асырауды;

g) Тіркеушінің сұратулары бойынша соңғысына Бақылаушы орган орынды деп есептейтіндей нұсқаулар береді;

h) Халықаралық тіркелім ұсынатын операциялар мен көрсетілетін қызметтер үшін алымдардың тарифтерін белгілейді және оларды кезең-кезең сайын қайта қарайды;

i) Осы Конвенция мен Хаттаманың мақсаттарын іске асыру үшін электрондық тіркеу жүйесінің тиімді ақпараттық базасының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге қажетті барлық нәрсені жасайды;

j) Уағдаласуши Мемлекеттердің алдында өзінің осы Конвенцияға және Хаттамаға сәйкес міндеттерін орындауды туралы кезең-кезең сайын есеп береді.

3. Бақылаушы орган 27-баптың 3-тармағында айтылған кез келген келісімді қоса алғанда, өз функцияларын іске асыру үшін қажетті кез келген келісімді жасасуы мүмкін.

4. Бақылаушы орган Халықаралық тіркелімнің деректер базалары мен мұрағаттарына қатысты барлық мүліктік құқықтарға ие болады.

5. Тіркеуші Халықаралық тіркелімнің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді және өзіне осы Конвенцияға, Хаттамаға және ережелерге сәйкес жүктелген функцияларды орындайды.

V тарау

Тіркеуге қатысты өзге де мәселелер

18-бап. Тіркеудің шарттары

1. Хаттамада және ережелерде объектіні бірдейлендіру критерийлерін қоса алғанда, мұналасар:

а) тіркеуді жүзеге асыру үшін (20-бапқа сәйкес келісімі талап етілетін кез келген тұлғадан келісімнің алдын ала электрондық нысанда берілуі туралы ережені қоса алғанда);

б) іздестірулерді орындау және іздестіру туралы сертификаттар беру үшін және осыны ескереп отырып;

с) тіркелуге жататын ақпарат пен құжаттардан басқа, Халықаралық тіркелім ақпараты мен құжаттарының құпиялық сипатын қамтамасыз ету үшін қажетті шарттар нақтыланады.

2. Тіркеуші 20-бапқа сәйкес тіркеуге нақтылы келісім берілді ме немесе ол шынайы болып табыла ма, оны анықтауға міндettі емес.

3. Шартты халықаралық кепілдік халықаралық кепілдікке айналған Жағдайда тіркеу барысында табыс етілген ақпарат халықаралық кепілдікті тіркеу үшін жеткілікті болу шартымен ешқандай қосымша тіркеу талап етілмейді.

4. Тіркеуші тіркелген ақпарат Халықаралық тіркелімнің деректер базасына енгізілуі және ақпараттық келіп түсуінің хронологиялық тәртібімен іздестіруге қолжетімді болуы үшін щаралар қабылдайды және файлда алынудың күні мен уақыты тіркеледі.

5. Хаттамада Уағдаласуши Мемлекет өз аумағында тұрған ұйымды немесе ұйымдарды ол арқылы тіркеуге қажетті ақпарат Халықаралық тіркелімге берілетін немесе беріле алатын пункт немесе пункттер ретінде тағайындаі алатыны көзделуі мүмкін. Осындай тағайындауды жүргізетін Уағдаласуши Мемлекет, егер осындай ақпарат Халықаралық тіркелімге берілгенге дейін орындалуға тиіс талаптар бар болса, ондай талаптарды ескеptіp өтуі мүмкін.

19-бап. Тіркеудің шынайылығы және уақыты

1. Тіркеу, егер ол 20-бапқа сәйкес жүргізілсе, шынайы болып табылады.

2. Тіркеу, ол шынайы болған жағдайда, талап етілетін ақпаратты іздестіру үшін қолжетімді болатындаі түрде Халықаралық тіркелімнің деректер базасына енгізілгеннен кейін аяқталған болып табылады.

3. Тіркеу:

а) халықаралық тіркеу реттік тізбектілікпен белгіленетін ресми тіркеу номірін берген;

б) тіркеу деректері, оның ресми тіркеу номірін қоса алғанда, ұзақ сақталуын қамтамасыз ететіндей нысанда сақтауға берілген және оған Халықаралық тіркелімде қолжетімділік беріле алатын сәттен бастап алдыңғы тараптың мақсаттары үшін

іздестіруге қолжетімді болып табылады.

4. Егер бастапқыда шартты халықаралық кепілдік ретінде тіркелген кепілдік халықаралық кепілдікке айналса, осы соңғы тіркеу 7-бапта көзделгендей халықаралық кепілдіктің қалыптасуының тікелей алдында әліде болса қолданылуы шартымен, шартты халықаралық кепілдіктің тіркелген сәтінен бастап тіркелген болып есептеледі.

5. Алдыңғы тармақ халықаралық кепілдіктің шартты цессиясын тіркеуге қажетті өзгерістерін ескере отырып, қолданылады.

6. Тіркеу Хаттамада белгіленген критерийлерге сәйкес Халықаралық тіркелімнің деректер базасында іздестіру үшін қолжетімді болып табылады.

20-бап. Тіркеуге келісу

1. Халықаралық кепілдік, шартты халықаралық кепілдік не цессия немесе шартты цессия тіркелуі мүмкін және осындай тіркеуді оның қолданылу мерзімі біткенге дейін кез келген тарап басқа тараптың жазбаша түрде білдірілген келісіммен өзгертуі немесе ұза р т у ы м ү м к і н .

2. Халықаралық кепілдіктің басқа халықаралық кепілдікке бағыныстылығын кепілдігі бағыныстылықта қойылатын тұлға кез келген уақытта тіркеуі немесе ол осындай тұлғаның жазбаша түрде білдірілген келісімі бойынша кез келген уақытта т і р к е л у ы м ү м к і н .

3. Тіркеу пайдасына жүргізілген тарап немесе оның жазбаша түрдегі келісімімен тіркеудің күші жойылуы м ү м к і н .

4. Халықаралық кепілдіктің заңның күшіне орай суброгациялау жолымен немесе шарт бойынша сатып алынуын осындай кепілдік өзіне өтетін тұлға тіркеуі мүмкін.

5. Тіркелетін шарттан тыс құқықты немесе кепілдікті олардың иеленушілері тіркеуі м ү м к і н .

6. Ұлттық кепілдіктің бар екені туралы хабарламаны осындай кепілдікті иеленуші тұлға тіркеуі мүмкін.

21-бап. Тіркеудің қолданыс мерзімі

Халықаралық кепілдіктің тіркелуі оның күші жойылғанға дейін немесе тіркеу кезінде айтылған мерзімі біткенге дейін күшінде қалады.

22-бап. Ақпаратты іздестіру және беру

1. Кез келген тұлға Халықаралық тіркелімде тіркелген кепілдіктер немесе шартты халықаралық кепілдіктер туралы ақпаратты Хаттамада және қағидаларда белгіленген тәртіппен одан іздестіруді жүзеге асыруы немесе іздестіруді сұратуы мүмкін.

2. Тіркеуші тиісті сұратуды алған бойда Хаттамада және қағидаларда белгіленген

тәртіппен кез келген объектіге қатысты:
а) осындай ақпаратты тіркеудің күні мен уақытын көрсете отырып, бүкіл тіркелген
ақпаратты қамтитын немесе

б) мұндай ақпарат Халықаралық тіркелімде қамтылғанын белгілейтін мәліметтерді
тіркелімде электрондық құралдармен іздестіру туралы сертификат береді.

3. Алдыңғы тармаққа сәйкес берілген іздестіру туралы сертификат осы тіркеуде
аталған кредитордың объектіге қатысты халықаралық кепілдікті сатып алғанын немесе
алуға ниет білдіргенін көрсетеді, бірақ, тіпті мұны тіркеудің тиісті деректері негізінде
анықтауға болатын болса да, тіркелген кепілдіктің халықаралық кепілдік немесе
шартты халықаралық кепілдік екенін көрсетпейді.

23-бап. Шарттан тыс құқықтарды немесе кепілдіктерді мәлімдеулдердің және олардың мәлімделгендерінің тізімі

Тіркеуші Уағдаласуши Мемлекеттердің 39 және 40-баптарға сәйкес өз
ескертулерінде мәлімдегендері ретінде депозитарий тіркеушінің назарына жеткізген
шарттан тыс құқықтар немесе кепілдіктер мәлімдемелерінің, мәлімдемелер пікірлерінің
және санаттарының тізімін, осындай мәлімдемелердің немесе мәлімдемелер
пікірлерінің күндерін көрсете отырып, жүргізеді. Мұндай тізім тіркеледі және ескерту
жасаған мемлекеттің атауы бойынша іздестіруге қолжетімді болады және оны сұратқан
кез келген тұлғаға Хаттамаға және қағидаларға сәйкес беріледі.

24-бап. Сертификаттардың дәлелдемелік күші

Халықаралық тіркелім берген сертификат ретінде қағидаларда көзделген нысанда
жасалған құжат:

- a) оны Халықаралық тіркелім бергенінің фактісін;
- b) тіркелу күні мен уақытын қоса алғанда, онда көрсетілген деректердің prima facie
дәлелдемесі болып табылады.

25-бап. Тіркеудің күшін жою

1. Тіркелген қамтамасыз етілген кепілдіктер шеңберінде қамтамасыз етілген
міндеттемелердің немесе тіркелетін шарттан тыс құқықтар мен кепілдіктердің
туындауын шарттайтын міндеттемелердің қолданысы тоқтатылған жағдайда немесе
меншік құқығын резервтей отырып, алдын ала сату туралы тіркелген келісім бойынша
меншік құқығын беру шарттары орындалған жағдайда осындай кепілдікті иеленуші
борышкердің тіркеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізілетін жазбаша
талабынан кейін тіркеудің күшін жоюды ешқандай негіzsіз кедергісіз қамтамасыз етеді.

2. Егер шартты халықаралық кепілдік немесе халықаралық кепілдіктің шартты

цессиясы тіркелсе, ықтимал кредитор немесе цессионарий ықтимал борышкердің немесе әденттің тіркеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізілетін жазбаша талабынан кейін осындай тіркеудің күшін ықтимал кредитор немесе цессионарий төлемді жүргізгенге немесе төлем жүргізу жөніндегі міндеттемені өзіне қабылдағанға дейін жоюды ешқандай негіzsіz кіdіrіccіz қamtамасыз етеді.

3. Ұлттық кепілдік туралы тіркелген хабарламада айтылған ұлттық кепілдікпен қamtамасыз етілген міндеттемелердің қолданысы тоқтатылған жағдайда, осындай кепілдікті иеленуші борышкердің тіркеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізілетін жазбаша талабынан кейін тіркеудің күшін жоюды ешқандай негіzsіz кедергісіз қamtамасыз етеді.

4. Тіркеу қате болған немесе дұрыс емес жүзеге асырылған жағдайда, өзінің пайдасына тіркеу жүргізілген тұлға борышкердің тіркеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізілетін жазбаша талабынан кейін тіркеудің күшін жоюды не оған өзгерістер енгізуді ешқандай негіzsіz кедергісіз қamtамасыз етеді.

26-бап. Халықаралық тіркеу қызметіне қолжетімділік

Ешкім осы тарауда көзделген рәсімдерді сактамаудан өзге қандай да бір себептер бойынша Халықаралық тіркелімнің жанындағы тіркеу және іздестіру қызметтеріне қолжетімділіктен айырылмайды.

VI тарау

Бақылаушы орган мен Тіркеушінің артықшылықтары мен иммунитеттері

27-бап. Құқықсубъектілік; иммунитет

1. Бақылаушы органға, егер ол бұған дейін оны иеленбесе, халықаралық құқық сұбъектілігі беріледі.

2. Бақылаушы орган және оның лауазымды адамдары Хаттамада айқындалғандай сот және әкімшілік іс-әрекеттерден иммунитетті пайдаланады.

3. а) Бақылаушы орган салықтан босатуды және өзі болатын мемлекетпен арадағы келісім бойынша берілетін басқа да артықшылықтарды пайдаланады.

б) Осы тармақтың мақсаттары үшін «өзі болатын мемлекет» Бақылаушы органның тұратын жері бар мемлекетті білдіреді.

4. Халықаралық тіркелімнің мұлкі, құжаттары, деректер базасы және мұрағаттары қол сұғылмайтын болып табылады және тыйым салудан не басқа да сот немесе әкімшілік әрекеттерінен иммунитетті пайдаланады.

5. Талап қоюшы 28-баптың 1-тармағы немесе 44-бап негізінде Тіркеушіге қарсы

бағытталған кез келген талаптар мақсаттары үшін талап қоюшыға талап қою бойынша іс жүргізу үшін қажет ақпарат пен құжаттарға қол жеткізу құқығына ие болады.

6. Бақылаушы орган 4-тармаққа сәйкес берілетін қол сұғылмаушылықтан және иммунитеттен бас тарта алады.

VII тарау

Тіркеушінің жауапкершілігі

28-бап. Жауапкершілік және қаржылық кепілдіктер

1. Тіркеуші, мұндай жұмыс істеу әдетте жүйені резервтеумен және қорғаумен және желіні үйымдастырумен байланысты практиканы қоса алғанда, электрондық тіркелімдерді жобалау және пайдалану саласындағы ағымдағы практикада қолданылатын үздік құралдар үлгісімен алдына алмайтын қайтарымсыз және еңсерілмейтін сипаттағы оқиғадан туындейтын жағдайларды қоспағанда, қандай да бір тұлғаға келтірілген және Тіркеушінің не оның лауазымды адамдарының және қызметшілердің қате іс-әрекетінен немесе әрекетсіздігінен немесе халықаралық тіркеу жүйесінің тиісінше жұмыс істемеуінен тікелей туындейтын залалмен байланысты шығындарды өтеу үшін жауапты болады.

2. Тіркеуші алған немесе ол алған нысанда Тіркеушіге берілген тіркеу деректеріндегі нақтылы дәлсіздіктер үшін, сондай-ақ ол үшін Тіркеуші және оның лауазымды адамдары және қызметшілер жауапты болмайтын және тіркеу деректерін Халықаралық тіркелімде алғанға дейін туындаған іс-әрекеттер мен мән-жайлар үшін алдыңғы тармаққа сәйкес Тіркеуші жауапты болмайды.

3. 1-тармаққа сәйкес өтемақының мөлшері өзіне залал келтірілген тұлға осындаі залал келтіргендей немесе оған ықпал еткендей шамаға азайтылуы мүмкін.

4. Тіркеуші осы бапта белгіленген жауапкершілікті жабуға Хаттамаға сәйкес Бақылаушы орган айқындағандай көлемде сақтандыруды немесе қаржылық кепілдікті қамтамасыз етеді.

VIII тарау

Халықаралық кепілдіктің үшінші тұлғалар үшін салдарлары

29-бап. Бәсекелес кепілдіктердің басымдығы

1. Тіркелген кепілдік кейінрек тіркелген басқа кепілдіктің алдында, сондай-ақ кез келген тіркелмеген кепілдіктің алдында басым болады.

2. Алдыңғы тармаққа сәйкес бірінші болып тіркелген кепілдіктің басымдығы:
а) егер бірінші болып тіркелген кепілдік басқа кепілдіктің бар екені туралы нақты

белгілі болғанда түйнінда да немесе тіркелген болса да;
б) бірінші болып тіркелген кепілдіктің иеленушісі ол жөнінде өзі біле тұра төлеген
авансқа қатысты да қолданылады.

3. Объектіні сатып алушы объектіге құқықты:

а) осы құқықтарды сатып алу кезіне тіркелген кез келген кепілдікпен салынған
ауыртпалық ескеріле отырып;

б) бұл жөнінде өзіне нақты белгілі болса да, тіркелмеген кепілдікпен салынған
ауыртпалықтан бос түрінде иеленеді.

4. Іқтимал сатып алушы немесе лизинг алушы кепілдікті немесе осы объектіге
құқықты:

а) ықтимал сатушы немесе лизинг беруші ие міндеттемелерді орындау жөніндегі
халықаралық кепілдікті тіркеу кезіне дейін тіркелген кез келген кепілдікпен салынған
ауыртпалық ескеріле отырып;

б) бұл жөнінде өзіне нақты белгілі болса да, сол кезде көрсетілген нысанда
тіркелмеген кепілдікпен салынған ауыртпалықтан бос түрінде иеленеді.

5. Осы бапқа сәйкес белгіленетін бәсекелес кепілдіктердің немесе құқықтардың
басымдығы құқық иеленушілер — осы кепілдіктер бойынша тараптар арасындағы
келісіммен өзгертиле алады, алайда қандай да бір бағынысты кепілдіктің цессионарийі,
егер цессияны жасасу кезінде аталған келісімге қатысы бар тиісті талаптар иерархиясы
тіркелмеген болса, осы қамтамасыз ету құралының бағыныстылығы туралы келісіммен
байланысты емес.

6. Объектіге қандай да бір кепілдікке қатысты осы баппен белгіленген кез келген
басымдық орнын толтыруға да қолданылады.

7. Осы Конвенция:

а) егер осы құқықтар қолданылатын құқыққа сәйкес көрсетілген орнатудан кейін
қолданысын жалғастыра берсе, тұлғаның объектіге осында компоненттерді орнатқанға
дайын иеленген, объектіге кірмейтін компоненттерге құқықтарын қозғамайды;

б) егер мұндай құқықтар қолданылатын құқыққа сәйкес құрылған болса, объектіге
бұрыннырақ орнатылған, объектіге кірмейтін компоненттерге құқықтарды құруға
кедергі келтірмейді.

30-бап. Дәрменсіздік салдарлары

1. Борышкерге қатысты дәрменсіздік бойынша рәсімдерді жүзеге асыру кезінде,
егер дәрменсіздік бойынша мұндай рәсімдер басталғанға дейін аталған кепілдік осы
Конвенцияға сәйкес тіркелген болса, халықаралық кепілдіктің занды күші болады.

2. Осы баптағы ешбір жайт, егер бұл кепілдік қолданылатын құқыққа сәйкес
жарамды болып табылса, дәрменсіздік бойынша рәсімдер барысында халықаралық
кепілдіктің занды күшіне әсер етпейді.

3. Осы баптағы ешбір жайт:

а) талаптар басымдығын құру мақсатында да, кредиторларды алдап-арбау мақсатында да жасалған мәмілелердің жоққа шығарылуына қатысы бар дәрменсіздік бойынша рәсімдерге қолданылатын кез келген нормалардың қолданысын, немесе

b) сыртқы бақылаудағы немесе дәрменсіздік бойынша басқарушының бақылауындағы мүлікке қатысты құқықтарды мәжбүрлеп жүзеге асыруға қатысы бар кез келген іс жүргізу нормаларын қозғамайды.

IX tapay

Объектімен байланысты құқықтардың және халықаралық кепілдіктердің цессиясы; суброгация құқықтары

31-бап. Цессия салдарлары

1. Тараптар өзгеше келісken жағдайларды қоспағанда, объектімен байланысты құқықтар цессиясын жасасу кезінде 32-бапқа сәйкес цессионарийге:

a) тиісті халықаралық кепілдік;

б) цеденттің осы Конвенцияда көзделген барлық кепілдіктері мен артықшылықты
құқықтары да беріледі.

2. Осы Конвенциядағы ешбір жайт цеденттің объектімен байланысты құқықтарының ішінәра цессиясын жасасуға кедергі келтірмейді. Осындай ішінәра цессия жасалған жағдайда цедент және цессионарий алдыңғы тармақтың негізінде құқықты беру нысанасы болып табылатын, халықаралық кепілдікпен байланысты олардың тиісті құқықтарына қатысты келісімге келе алады; алайда, бұл борышкерге оның келісімінсіз теріс салдарын келтірмеуге тиіс.

3. 4-тармақтың ережелері сақталған кезде қолданылатын құқық негізінде борышкөрцессионарийге қатысты пайдалана алатын қорғану құралдары мен талаптарды ескеру
құқыктары айқындалады.

4. Борышкер кез келген уақытта цессионарий тарапынан жасалған алдап-арбау әрекеттерінен туындастын қорғану құралдарынан басқа, алдыңғы тармақта айтылған қорғану құралдарының және талаптарды ескеру құқықтарының барлығынан немесе бір бөлігінен жазбаша түрде бас тарта алады.

5. Цессияны міндеттемелерді қамтамасыз етудің тәсілі ретінде жүзеге асыру кезінде құқықты беру нысанасы болып табылатын объектімен байланысты құқықтар цедентке цессиямен қамтамасыз етілген міндеттемелерді орындау жүргізілген кезде өз қолданысын жалғастырған көлемде қайта өтеді.

32-бап. Цессияға қойылатын формальды талаптар

1. Объектімен байланысты құқықтар цессиясы, егер ол:
 - а) жазбаша түрде жасалса;
 - б) олар соның негізінде туындаитын шарт бойынша объектімен байланысты құқықты сәйкестендіруге мүмкіндік берсе;
 - с) - міндеттемелерді қамтамасыз етудің тәсілі ретіндегі цессия жағдайында - қамтамасыз етудің сомасы немесе ең жоғары сомасы көрсетілмей, Хаттамаға сәйкес цессиямен қамтамасыз етілген міндеттемелерді айқындауға мүмкіндік берсе ғана міндеттемелерді орындаудың тиісті халықаралық кепілдігін береді.
2. Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету туралы келісімнің негізінде туындаған немесе онымен көзделген халықаралық кепілдік цессиясы, егер объектімен байланысты құқықтардың кейбірі немесе барлығы құқықты беру нысанасы болып табылатын объектімен байланысты құқықтар цессиясына қолданылмайды.
3. Осы Конвенция тиісті халықаралық кепілдікті беру үшін жарамсыз болып табылатын объектімен байланысты құқықтар цессиясына қолданылмайды.

33-бап. Борышкердің цессионарий алдындағы міндеттемелері

1. Объектімен қандай көлемде байланысты болуына қарай құқықтар және тиісті халықаралық кепілдік 31 және 32-баптардың ережелеріне сәйкес беріледі, борышкер болып табылатын тарап осындай құқықтарға және осындай кепілдікке қатысты цессиямен байланысты болады және, егер:
 - а) цедент тарапынан немесе оның уәкілеттік беруі бойынша борышкер цессия туралы жазбаша хабардар етілсе;
 - б) хабарлама объектімен байланысты құқықтарды сәйкестендіретін болса ғана, төлем жасауға немесе цессионер алдындағы міндеттемесін өзге де түрде орындауға міндетті.
2. Төлем жасау не борышкердің міндеттемені орындауының басқа да нысаны арқылы оны жауапкершіліктен босататын кез келген өзге де негізге қарамастан, мұндай төлемнің немесе міндеттемені орындаудың олар алдыңғы тармаққа сәйкес жасалған болса, осы мақсат үшін қолданыс күші болады.
3. Осы балтағы ешбір жайт бәсекелес цессиялар басымдығына әсер етпейді.

34-бап. Міндеттемелерді қамтамасыз етудің тәсілі ретінде жасалған цессия шарты бойынша міндеттемені орындау кезінде құқықтарды қорғау қуралдары

- Цедент объектімен байланысты құқықтар және тиісті халықаралық кепілдік цессиясының міндеттемелерін қамтамасыз етудің тәсілі ретінде жасалған міндеттемені орындаған жағдайда, егер мынадай сілтемелер:
- а) қамтамасыз етілген міндеттемеге және қамтамасыз етілетін кепілдікке сілтемелер

объектімен байланысты құқықтар және тиісті халықаралық кепілдік цессиясымен қамтамасыз етілген міндеттемеге және осындай цессия нәтижесінде туындаған қамтамасыз етілетін кепілдікке сілтемелер болса;

б) кепіл ұстаушыға немесе кредиторға және кепіл берушіге немесе борышкерге сілтемелер цессионарий мен қедентке сілтемелер болса;

с) халықаралық кепілдік бойынша құқық иеленушіге сілтемелер цессионарийге сілтемелер болса;

д) объектіге сілтемелер құқықты беруге жататын, объектімен байланысты құқықтарға және тиісті халықаралық кепілдікке сілтемелер болса, 8, 9 және 11-14-баптар қедент пен цессионарий арасындағы қатынастарда қолданылады (ал объектімен байланысты құқықтарға қатысы бар жағдайда олар материалдық мүлікке қолдануға болатын жағдайда ғана қолданылады).

35-бап. Бәсекелес цессиялардың басымдығы

1. Объектімен байланысты құқықтардың бәсекелес цессиялары болған жағдайда және тым болмағанда осындай цессиялардың бірі тиісті халықаралық кепілдікті қамтыған және тіркелген жағдайда, егер тіркелген кепілдікке сілтемелер объектімен байланысты құқықтар және тиісті тіркелген кепілдік цессиясына сілтемелер болса және егер тіркелген немесе тіркелмеген кепілдікке сілтемелер тіркелген немесе тіркелмеген цессияға сілтемелер болса, 29-баптың ережелері қолданылады.

2. 30-бап, егер халықаралық кепілдікке сілтемелер объектімен байланысты құқықтар және тиісті тіркелген кепілдік цессиясына сілтемелер болса, объектімен байланысты құқықтар цессиясына қолданылады.

36-бап. Цессионарийдің объектімен байланысты құқықтарға қатысты басымдығы

1. Цессиясы тіркелген, объектімен байланысты құқықтардың және тиісті халықаралық кепілдіктің цессионарийі, егер:

а) соларға сай объектімен байланысты құқықтар туындаитын шартта олар объектімен қамтамасыз етілген немесе онымен байланысты делінсе;

б) объектімен байланысты құқықтар объектіге қандай көлемде жататын болса ғана, 35-баптың 1-тармағының мағынасында объектімен байланысты құқықтардың басқа цессионарийі алдында басымдыққа ие болады.

2. Алдыңғы тармақтың б) тармақшасының мақсаттары үшін объектімен байланысты құқықтар мұнайларға:

а) объектінің сатып алу үшін аванспен енгізілген және пайдаланылған сомаға;

б) егер қедент бұл кепілдікті цессионарийге берсе және цессия тіркелсе, қеденттің оған қатысты басқа халықаралық кепілдігі бар басқа объектінің сатып алу үшін аванспен

енгізілген және пайдаланылған сомаға;
 с) объект үшін төленуге тиіс бағаға;
 д) объектіге байланысты төленуге тиіс жалдау төлемдеріне, немесе
 е) кез келген алдыңғы тармақтарда айтылған мәмілелерден туындаитың басқа да
 міндеттемелерге қатысы бар төлемді алуға немесе міндеттеменің өзгедей орындалуына
 құқықтардан тұратын көлемдеған объектіге жатады.

3. Барлық басқа жағдайларда объектімен байланысты құқықтардың бәсекелесцессияларының басымдығын қолданылатын құқық айқындейды.

37-бап. Цедент дәрменсіздігінің салдарлары

30-баптың ережелері, егер борышкерге сілтемелер үздентке сілтемелер болса, үздентке қатысты дәрменсіздік бойынша рәсімдерге қолданылады.

38-бап. Суброгация

1. 2-тармақтың ережелері ескеріле отырып, осы Конвенциядағы ешбір жайт объектімен байланысты құқықтарды және тиісті халықаралық кепілдікті қолданылатын құқыққа сәйкес заңға байланысты немесе шарт бойынша суброгация жолымен сатып алуға әсер етпейді.

2. Алдыңғы тармақта көзделген құқықтар және бәсекелес құқықтар арасындағы иерархия тиісті құқықтарды иеленушілердің жазбаша келісімімен өзгертуі мүмкін, алайда, міндеттемелерді орындаудың бағынысты кепілдігінің цессионарийі, егер цессияны жасасу кезінде аталған келісімге қатысы бар тиісті бағыныстылық тіркелмеген болса, осы кепілдікті бағынысты ету туралы келісіммен байланысты болмайды.

X tapay

Уағдаласуышы Мемлекеттер мәлімдемелерінің мәні болыш табылатын құқықтар немесе кепілдіктер

39-бап. Тіркеусіз басым сипатқа ие құқықтар

1. Уағдаласуышы Мемлекет кез келген уақытта депозитарийге сақтауға берілетін мәлімдеме Хаттамасында жалпы немесе нақты:

а) шарттан тыс құқықтар мен кепілдердің (40-бап қолданылатын қандай да бір құқықтардан немесе кепілдіктерден басқа) осы мемлекеттің заңнамасына сәйкес объектіге қандай да бір кепілдікке қатысы бойынша тіркелген халықаралық кепілдік иеленушісіне тиесілі және бұл кепілдіктің дәрменсіздік жөніндегі рәсімдерге байланысы бар-жоғына қарамастаң, тіркелген халықаралық кепілдік алдында басым

күшке ие кепілдіктің басымдығына барабар басымдыққа ие болатын санаттарын
көрсете алады;

b) осы Конвенцияда ештеңе мемлекеттің немесе мемлекеттік ұйымның, үкіметаралық ұйымның немесе қоғамдық қызмет көрсетудің жеке өнім берушісінің осы мемлекеттің заңнамасына сәйкес осындай ұйымға немесе өнім берушіге тиесілі, көрсетілген объекті немесе басқа объекті үшін осындай қызмет көрсетуді ұсынуға тікелей қатысты сомаларды төлеуге объектіні тұтқындау немесе ұсташа құқығына әсер етпейді.

2. Откен тармақта сәйкес жасалған мәлімдемеде мұндай мәлімдеме сақтауға тапсырылғаннан кейін пайда болуы мүмкін санаттарға қолданылатыны айтылуы мұндағы мәлімдеме деңгээлде орналасқан.

3. Шарттан тыс құқықтар пен кепілдіктер егер олар мұндай халықаралық кепілдік тіркелгенге дейін сактауға тапсырылған мәлімдеме қолданылатын санаттарға жатқан жағдайда ғана, олардың халықаралық кепілдікке қатысы бойынша басымдығы болады.

4. Откен тармақтың ережесіне қарамастан, Уағдаласуыш Мемлекет Хаттаманы ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе оған қосылу кезінде 1-тармақтың а) тармақшасына сәйкес жасалған мәлімдеме қолданылатын санаттардың бірінің құқығы немесе кепілдігі мұндай ратификацияланған, қабылданған, бекітіліген немесе қосылған күніне дейін тіркелген халықаралық кепілдікке қатысты басымдығы болады.

40-бап. Тіркелетін шарттан тыс құқықтар немесе кепілдіктер

Уағдаласуши Мемлекет кез келген уақытта депозитарийге сақтауға берілетін мәлімдеме Хаттамасында егер мұндай құқықтар немесе кепілдіктер халықаралық кепілдіктерді білдірсе, осы Конвенцияға сәйкес объектілердің қандай да бір санаты бойынша тіркелуі мүмкін шарттан тыс құқықтар немесе кепілдіктер санаттарының тізбесін көрсете алады, осыдан кейін бұл құқықтар немесе кепілдіктер халықаралық кепілдіктер ретінде қаралуы тиіс. Қажеттілігіне қарай мұндай мәлімдемеге өзгерістер енгізілуі мүмкін.

XI тарау Конвенцияны сатуға қолдану

41-бап. Сату және шарты сату

Осы Конвенцияға енгізілуі мүмкін кез келген өзгерістерімен бірге Хаттамада көзделгендей, ол объектіні сатуға немесе шартты сатуға қолданылады.

XII тарау Юрисдикция

42-бап. Сотты таңдау

1. 43 және 44-баптардың ережелері сақталған жағдайда Уағдаласуши Мемлекеттердің тараптар мәміледе сайлаған қандай да бір соттардың сайланған соттың тараптармен немесе мәмілемен қандай да бір байланысы болуы қарамастан, осы Конвенцияға сәйкес берілетін кез келген талап-арызға қатысты юрисдикциясы болады. Егер тараптар өзгеше уағдаласпаса, мұндай юрисдикция ерекше болып табылады.

2. Кез келген мұндай уағдаластық жазбаша түрде жасалады немесе сайланған сот елінде қолданыстағы құқықтың формальды талаптарына сәйкес өзгеше тәсілмен жасалады.

43-бапқа сәйкес юрисдикция

1. Уағдаласуши Мемлекеттердің тараптар сайлаған қандай да бір соттары және аумағында объект орналасқан Уағдаласуши Мемлекеттің соттары осы объектіге қатысты 1-тармақтың a), b) және c) тармақшаларының және 13-бабының 4-тармағының мәні бойынша сот қорғауын ұсыну бөлігінде құзыретке ие болады.

2. 13-баптың 1-тармағының d) тармақшасының мәні бойынша сот қорғауын немесе 13-баптың 4-тармағының тұрғысынан өзгеше уақытша сот қорғауын ұсыну бөлігінде құзыретті :

a) тараптар сайлаған соттар немесе

b) аумағында борышкер орналасқан Уағдаласуши Мемлекеттің соттары жүзеге асыра алады; бұл ретте сот қорғауының мұндай құралдары оларды ұсыну туралы актілердің шарттарына сәйкес осы Уағдаласуши Мемлекеттің аумағындаған мәжбүрлеп орындауға жатады.

3. Сот егер 13-баптың 1-тармағына айтылған талап-арыз бойынша түпкілікті шешім басқа Уағдаласуши Мемлекеттің сотына немесе арбитражды төрелікке енгізілетін немесе енгізілуі мүмкін болса да, өткен тармақтарға сәйкес құзыретке ие болады.

44-бап. Тіркеушінің атына қаулы енгізу құзыреті

1. Аумағында Тіркеушінің әкімшілік орталығы бар мемлекеттің сот мекемелерінің Тіркеушінің атына залалды өтеуді немесе сот қаулыларын беруге қатысты шешімдер шығару бойынша ерекше құзыреті болады.

2. Егер қандай да бір тұлға 25-тармаққа сәйкес ұсынылған талапты орындаамаса және бұл тұлға өзінің өмір сүруін тоқтатса немесе оған қарсы тіркеуді тоқтатуды талап

ететін сот актісін шығару құқығын жүзеге асыру мақсатында табылмаса, өткен тармақта көрсетілген сот мекемелерінің борышкердің немесе ықтимал борышкердің мәлімдемесі бойынша тіркеуді тоқтату туралы талаппен Тіркеушінің атына қаулы шығаруға ерекше құзыреті болады.

3. Егер қандай да бір тұлға осы Конвенцияға сәйкес юрисдикциясы бар соттың өкімін орындамаса немесе іс ұлттық кепілдікке қатысты болса, осы тұлға тіркеуді өзгертуі немесе тоқтатуы талап етіліп отырған құзыретті юрисдикциясы бар соттың өкімін 1-тармақта көрсетілген сот мекемелері Тіркеушінің атына осы өкімнің орындалуын қамтамасыз ететін осындай қадамдар жасауға нұсқама бере алады.

4. Откен тармақтарда өзгеше көзделғен жағдайларды қоспағанда, ешқандай сот Тіркеушінің атына жіберілген және оған қандай да бір міндеттеме жүктеу мақсаты бар өкім бере алмайды немесе шешімдер немесе қаулылар қабылдай алмайды.

45-бап. Дәрменсіздік жөніндегі рәсімдерге қатысты юрисдикция

Осы тараудың ережелері дәрменсіздік жөніндегі рәсімдерге қолданылмайды.

XIII тaraу Басқа конвенциялармен байланыс

45-бап bis. Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықаралық саудадағы дебиторлық берешекті беру туралы конвенциямен байланыс

Осы Конвенцияның қосылу үшін 2001 жылғы 12 желтоқсанда ашылған Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықаралық саудадағы дебиторлық берешекті беру туралы конвенция алдында құқықтар объектісіне байланысты ретінде авиациялық объектілерге, теміржол жылжымалы құрамына және ғарыш құралдарына арналған халықаралық кепілдіктерге қатысы бар дебиторлық берешекті беруге қатысты бөлігінде басым күші бар.

46-бап. Халықаралық қаржы лизингі туралы УНИДРУА конвенциясы

Осы Конвенция мен 1988 жылғы 28 мамырда Оттава қаласында қол қойылған Халықаралық қаржы лизингі туралы УНИДРУА конвенциясы арасындағы байланыс осы Хаттамада белгіленуі мүмкін.

XIV тaraу Қорытынды ережелер

47-бап. Қол қою, ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу

1. Осы Конвенция 2011 жылғы 29 қазан-16 қараша аралығында Кейптаунда өткен жылжымалы жабдықтар мен авиациялық хаттама туралы конвенция қабылдауға арналған дипломатиялық конференцияға қатысқан мемлекеттердің қол қоюы үшін 2001 жылғы 16 қарашада Кейптаунда ашық. 2001 жылғы 16 қарашадан кейін Конвенция 49-бапқа сәйкес ол күшіне енгенге дейін Римде Жеке құқықты біріздендірудің халықаралық институтының штаб-пәтерінде (УНИДРУА) барлық мемлекеттердің қол қоюы

ү ш і н

а ш ы қ .

2. Осы Конвенция ратификациялануы, қабылдануы немесе оған қол қойған мемлекеттер

б е к і т у і

т и і с .

3. Осы Конвенцияға қол қоймаған кез келген мемлекет оған кез келген уақытта қосяла

а л а д ы .

4. Ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу бұл туралы депозитарийге ресми құжатты сақтауға тапсыру жолымен жүргізіледі.

48-бап. Экономикалық интеграцияның өнірлік үйымдары

1. Егеменді мемлекеттер құрған және осы Конвенцияда реттелетін кейбір мәселелерге қатысты құзыреті бар экономикалық интеграцияның кез келген өнірлік үйымы осы Конвенцияға қол қоя алады, қабылдай алады, бекіте алады немесе оған қосыла алады. Бұл жағдайда экономикалық интеграцияның өнірлік үйымы осы үйимның осы Конвенцияда реттелетін мәселелерге қатысты қандай құзыреті болса, сондай шамада Уағдаласуши Мемлекеттің құқықтарына немесе міндеттемелеріне ие болады. Уағдаласуши Мемлекеттердің саны релевантты болып табылған жағдайларда осы Конвенцияда экономикалық интеграцияның өнірлік үйымы Уағдаласуши Мемлекеттер болып табылатын мүше мемлекеттерге оны толықтыру үшін Уағдаласуши Мемлекет ретінде есепке алынбайды.

2. Экономикалық интеграцияның өнірлік үйымы қол қою, қабылдау, бекіту немесе қосылу кезінде депозитарийге осы Конвенцияда реттелетін және оған мүше мемлекеттер осы үйимның құзыретін берген мәселелерді көрсете отырып мәлімдеме жасайды. Экономикалық интеграцияның өнірлік үйымы осы тармақта сәйкес жасалған мәлімдемеде көрсетілген құзыреттің аражігін ажыратудың өзгерістері туралы, оның ішінде құзыреттерді жаңадан беру туралы дереу хабарлайды.

3. «Уағдаласуши Мемлекетке» немесе «Уағдаласатын Мемлекетке» немесе «қатысуши Мемлекетке» немесе «қатысуши Мемлекеттерге» кез келген сілтеме түпмәтін мұндайды талап етсе, осы Конвенцияда экономикалық интеграцияның өнірлік үйимына тең дәрежеде қатысты болады.

49-бап. Құшіне енүі

1. Осы Конвенция ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы үшінші құжат сақтауга тапсырылған күннен кейін үш ай өткен соң келетін айдың бірінше күні, бірақ

объектілердің

Хаттама:

a) осы Хаттама құшіне енген сәттен бастап;

b) осы Хаттамада көзделген шарттарға сәйкес;

c) осы Конвенцияға және осы Хаттамаға мүше Мемлекеттер арасында қолданылатын сол бір санатына қатысты ғана құшіне енеді.

2. Басқа мемлекеттер үшін осы Конвенция ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы өзінің құжаты сақтауга тапсырылған күннен кейін үш ай өткен соң келетін айдың бірінші күні, объектілердің Хаттама қолданылатын сол бір санатына қатысты ғана және осындай Хаттамаға қатысты өткен тармақтың a), b) және c) тармақшаларының талаптары сақталған жағдайда құшіне енеді.

50. Ішкі мәмілелер

1. Уағдаласуши Мемлекет Хаттаманы ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе оған қосылу кезінде осы Конвенция осы мемлекет үшін ішкі болып табылатын мәмілелерге, объектілердің барлық типіне немесе олардың кейбіріне қатысты қолданылмайды

деп

мәлімдей

алады.

2. Өткен тармақтың мазмұнына қарамастан, ішкі мәмілелерге V тараудың 8-бабы 4-тармағының, 9-бабы 1-тармағының, 16-бабының ережелері, сондай-ақ осы Конвенцияның тіркелген кепілдіктеріне жататын басқа кез келген ережелері қолданылады.

3. Егер ұлттық кепілдік туралы хабарлама Халықаралық тіркелімде тіркелген жағдайда, 29-бапқа сәйкес мұндай кепілдік иеленушісінің кезегіне мұндай кепілдік қолданылатын құқық тұрғысынан цессия немесе суброгация жолымен басқа тұлғаға берілген деген факт әсер етпейді.

51-бап. Болашақта қабылдануы мүмкін хаттамалар

1. Егер депозитарий орынды деп есептесе, осы Конвенцияның қолданысын 2-баптың 3-тармағында аталған санаттардан басқа бір немесе бірнеше хаттама арқылы құны жоғары, әрбір құрамдас элементі бірмәнді сәйкестендірілетін болып табылатын жылжымалы құрамның кез келген санатының объектілеріне, сондай-ақ осындай объектілермен байланысты құқыққа таратудың орындылығын бағалау үшін тиісті үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтасып, жұмыс топтарын құра алады.

2. Депозитарий объектінің қандай да бір санатына қатысты және осындай жұмыс тобы дайындаған хаттаманың кез келген алдын ала жобасының мәтінін депозитарийдің

мүше мемлекеттеріне, депозитарийдің мүше мемлекеттері болып табылмайтын Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше мемлекеттерге және тиісті халықаралық ұйымдарға жібереді және мұндай мемлекеттер мен ұйымдарды хаттаманың мұндай алдын ала жобасы негізінде хаттаманың жобасын пысықтау жөніндегі үкіметаралық келіссөздерге

қ а т ы с у ғ а

ш а қ ы р а д ы .

3. Бұдан басқа, егер депозитарий орынды деп санаса, депозитарий осындай жұмыс тобы дайындаған хаттаманың кез келген алдын ала жобасының мәтінін тиісті үкіметтік емес ұйымдарға жібереді. Мұндай үкіметтік емес ұйымдарға хаттаманың алдын ала жобасының мәтіні бойынша депозитарийге дереу ескертулер беруді және хаттама жобасын дайындауда байқаушы ретінде қатысады ұсынады.

4. Құзыретті органдар мұндай хаттама жобасы қабылдауға дайын деп санаса, депозитарий оны қабылдау үшін дипломатиялық конференция шақырады.

5. Мұндай хаттама қабылданғаннан кейін 6-тармақты ескере отырып, осы Конвенция ол қамтитын объект санаттарына қолданылады.

6. Осы Конвенцияның 45-бабы егер осы хаттамада нақты көзделіп отырған жағдайда ғана мұндай хаттамаға қолданылады.

52-бап. Аумақтық бірліктер

1. Егер мемлекеттің осы Конвенцияда реттелетін мәселелерге қатысты түрлі құқықтық жүйелер қолданылатын аумақтық бірліктері болса, ол ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе оған қосылу кезінде осы Конвенцияның қолданысы өзінің барлық аумақтық бірліктеріне немесе олардың біріне немесе бірнешеуіне таралады деп мәлімдей алады және кез келген уақытта басқа мәлімдемесе ұсынып, бұл мәлімдемені

ө з г е р т е

а л а д ы .

2. Кез келген мұндай мәлімдемеде осы Конвенция қолданылатын аумақтық бірліктер а н ы қ көрсетіледі.

3. Егер Ұағдаласуши Мемлекет 1-тармаққа сәйкес мәлімдеме жасамаса, осы Конвенция мұндай мемлекеттің барлық аумақтық бірліктеріне қолданылады.

4. Ұағдаласуши Мемлекет осы Конвенцияның қолданысын өзінің бір немесе бірнеше аумақтық бірлігіне таратқан жағдайда осы Конвенция бойынша жол берілетін мәлімдемелер осындай аумақтық бірліктің әрбіріне жасалуы мүмкін және осындай аумақтық бірлікке қатысты жасалған мәлімдемелер басқа аумақтық бірлікке қатысты жасалған мәлімдемелерден өзгешелігі болуы мүмкін.

5. Егер 1-тармаққа сәйкес мәлімдеме түрғысынан осы Конвенцияның қолданысы қандай да бір Ұағдаласуши Мемлекеттің бір немесе бірнеше аумақтық бірлігіне т а р а т ы л с а :

а) борышкер егер ол осы Конвенция қолданылатын аумақтық бірліктің қолданыстағы заңнамасына сәйкес жасалса немесе құрылса немесе оның тіркелген

штаб-пәтері, әкімшілік орталығы, шаруашылық қызмет жүргізу орны немесе осы Конвенция қолданылатын аумақта қалыпты тұратын орны болған жағдайда Уағдаласушы Мемлекеттердің қандай да бірінде деп есептеледі;

b) қандай да бір Уағдаласушы Мемлекетте объектінің орналасқан жеріне кез келген сілтеме, осы Конвенция қолданылатын аумақтың бірліктегі объектінің орналасқан жерін көрсетеді;

c) әкімшілік органдарға кез келген сілтеме осы Уағдаласушы Мемлекетте осы Конвенция қолданылатын аумақтың бірлікте юрисдикциясы бар әкімшілік органдарға сілтеме ретінде қаралады.

53-бап. Соттарды анықтау

Уағдаласушы Мемлекет Хаттаманы ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе оған қосылу кезінде 1-баптың және осы Конвенцияның XII тарауының мақсаттары үшін тиісті «сотқа» немесе «соттарға» қатысты мәлімдеме жасауы мүмкін.

54-бап. Құқықтарды қорғау тәсілдеріне қатысты мәлімдеме

1. Уағдаласушы Мемлекет Хаттаманы ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе оған қосылу кезінде міндеттемелермен ауыртпалық салынған объект өзінің аумағында орналасқан немесе осы аумақтан бақыланып тұрған кезде кепіл ұстаушы осы аумақтағы бұл объектіні лизингке бермеуге тиіс деп мәлімдеме жасай алады.

2. Уағдаласушы Мемлекет Хаттаманы ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе оған қосылу кезінде осы Конвенция ережелерінің қандай да біріне сәйкес кредитордағы және онда сотқа жүгіну керек болатын құқықтарды қорғаудың тәсілі ретінде анық анықталмаған құқықтарды қорғаудың кез келген тәсілі сottтың шешімімен ғана қолданылуы мүмкін бе деген мәлімдеме жасайды.

55-бап. Құқықтарды қорғаудың аралық тәсілдеріне қатысты мәлімдеме

Уағдаласушы Мемлекет Хаттаманы ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе оған қосылу кезінде ол 13-баптың, 43-баптың немесе осы екі баптың да ережелерін толық немесе ішінара қолданбайтын болады деп мәлімдеме жасай алады. Мұндай мәлімдемеде егер ол ішінара қолданылатын болған жағдайда, тиісті бап қандай жағдайда қолданылатыны немесе керісінше болған жағдайда уақытша сот қорғауының басқа қандай нысандары қолданылатыны көрсетіледі.

56-бап. Ескертпелер мен мәлімдемелер

1. Осы Конвенцияға ешқандай ескертпелерге жол берілмейді, бірақ 39, 40, 50, 52, 53, 54, 55, 57, 58 және 60-баптардың мақсаттарына сәйкес осы баптармен жол берілетін мәлімдемелер

жасалуы

мүмкін.

2. Осы Конвенцияға сәйкес жасалған кез келген мәлімдеме немесе кейінгі мәлімдемелер туралы немесе мәлімдемені немесе ескертпені көрі қайтарып алу туралы депозитарийге жазбаша түрде хабарланады.

57-бап. Кейінгі мәлімдемелер

1. Кез келген қатысушы Мемлекет 60-бапқа сәйкес жол берілетін мәлімдемеден басқа, осы Конвенцияның ол үшін күшіне енгеннен кейін кез келген уақытта бұл туралы депозитарийді хабарлау жолымен кейінгі мәлімдемелер жасай алады.

2. Кез келген мұндай кейінгі мәлімдеме депозитарий хабарлама алған күннен кейін алты ай өткен соң келетін айдың бірінші күні күшіне енеді. Егер хабарламада осы мәлімдеменің күшіне енуінің ұзақ кезеңі айтылса, ол депозитарий хабарлама алғаннан кейін осындай ұзақ кезең өткеннен кейін күшіне енеді.

3. Өткен тармақтардың ережелеріне қарамастан, егер осындай кез келген кейінгі мәлімдеме күшіне енген күнге дейін туындаған барлық құқықтар мен кепілдіктерге қатысты мұндай кейінгі мәлімдемелер жасалмауы үшін осы Конвенцияның қолданысы жалғасады.

58-бап. Мәлімдемелерді көрі қайтарып алу

1. 60-бапқа сәйкес жол берілетін мәлімдемелерден басқа осы Конвенцияға мәлімдеме жасаған кез келген қатысушы Мемлекет депозитарийге ресми хабарлама жіберіп, кез келген уақытта оны көрі қайтарып ала алады. Мұндай көрі қайтарып алу депозитарий хабарлама алған күннен кейін алты ай өткен соң келетін айдың бірінші

күні

енеді.

2. Өткен тармақтың ережелеріне қарамастан, егер мәлімдемені мұндай көрі қайтарып алу осындай кез келген көрі қайтарып алу күшіне енген күнге дейін туындаған барлық құқықтар мен кепілдіктерге қатысты жүргізілмесе, осы Конвенцияның қолданысы жалғасады.

59-бап. Күшін жою

1. Кез келген қатысушы Мемлекет депозитарийді жазбаша түрде хабарлау арқылы осы Конвенцияның күшін жою алады.

2. Кез келген мұндай күшін жою депозитарий хабарлама алған күннен кейін он екі ай өткен соң келетін айдың бірінші күні күшіне енеді.

3. Өткен тармақтардың ережелеріне қарамастан, егер күшін жою осындай кез

келген күшін жою күшіне енген күнге дейін туындаған барлық құқықтар мен кепілдіктерге қатысты жүргізілмесе, осы Конвенцияның қолданысы жалғасады.

60-бап. Өтпелі ережелер

1. Егер Уағдаласуши Мемлекет кез келген уақытта өзгеше мәлімдемесе, осы Конвенция күшіне енгенге дейін қолданылатын құқыққа сәйкес олар үшін белгіленген басымдық сақталатын бұрын қолданылған құқықтарға немесе кепілдіктерге қатысты қолданылады.

2. 1-баптың v) тармағының мақсаттары және осы Конвенцияға сәйкес басымдықты анықтау

үшін:

а) «осы Конвенцияның күшіне ену күні» борышкердің осы Конвенция күшіне енген күнге немесе кешірек басталатынына қарамастан, борышкер орналасқан мемлекеттің Уағдаласуши Мемлекеттердің құрамына кіру күніне қатысын білдіреді;

б) борышкер өзінің әкімшілік орталығы бар мемлекетте немесе онда өзінің шаруашылық қызметін жүргізіп отырған әкімшілік орталығы жоқ болса немесе егер борышкер өзінің шаруашылық қызметін жүргізетін негізгі орны болып табылатын өзінің шаруашылық қызметін жүргізетін бірнеше орны болса немесе оның қалыпты өмір сүру орны болып табылатын шаруашылық қызметін жүргізетін орны болмаса, әкімшілік орталығы бар мемлекетте болады.

3. Уағдаласуши Мемлекет 1-тармаққа сәйкес өзінің мәлімдемесінде басымдықты анықтау үшін, оның ішінде борышкер өткен тармақтың b) тармақшасында аталып өтетін мемлекетте болған уақытта жасалған шарт бойынша туындаған, бұрын қолданылған құқықтарға немесе кепілдіктерге кез келген қолданыстағы басымдықты қорғау үшін осы Конвенция және Хаттама қолданыла бастайтын осы мәлімдеме күшіне енгеннен кейін кемінде үш жылдан кейін басталатын күнді, бірақ бұл өзінің мәлімдемесінде белгіленгендей шамада белгілей алады.

61-бап. Ревизиялық конференциялар, тұзетулер және оларға байланысты мәселелер

1. Депозитарий жыл сайын немесе мән-жай талап еткен кезде қатысуши Мемлекеттер үшін осы Конвенцияда құрылған халықаралық режимнің практикалық жұмыс істеуінің тәсіліне қатысты баяндамалар дайындаиды. Мұндай баяндамаларды дайындау кезінде Депозитарий Бақылаушы органның халықаралық тіркеу жүйесінің жұмыс істеуіне қатысты баяндамаларын ескереді.

2. Қатысуши Мемлекеттердің кемінде жиырма бес пайзының өтініші бойынша депозитарий Бақылаушы органмен консультация үшін уақыт өте келе:

а) осы Конвенцияның практикалық орындалуы және өзінің ережелерімен қамтылған авиациялық объектілерді қамтамасыз етуге және лизингке қамтамасыз етілген

активтермен жәрдемдесу ісінде оның тиімділігі;

b) осы Конвенцияның ережелерін және қағидаларды сотта түсіндіру және қолдану;

c) халықаралық тіркеу жүйесінің жұмыс істеуі, Тіркеушінің жұмысы және Бақылаушы органның баяндамасын ескере отырып, оны Бақылаушы орган тараапынан қадағалау;

d) осы Конвенцияның немесе халықаралық тіркеу жүйесінің қандай да бір өзгерістерінің орындылығы мәселелерін қарау үшін қатысуши Мемлекеттердің ревизиялық конференцияларын шақырады.

3. 4-тармақтың ережелері еекеріле отырып, осы Конвенцияға кез келген түзету конференцияға қатысатын, өткен тармақта аталып өткен қатысуши Мемлекеттердің көпшілігімен, кемінде үштен екісімен бекітіледі және Конвенцияның күшіне енуіне қатысты 49-баптың ережелеріне сәйкес үш мемлекет ратификациялаған, қабылдаған немесе бекіткен мемлекетке қатысты күшіне енеді.

4. Егер осы Конвенция болжанып отырган түзету жабдықтардың бірнеше санаттарына қолданылатын болады деп ұйғарылып отырган жағдайда, мұндай түзету 2-тармақта аталып өткен конференцияға қатысатын әрбір хаттамаға қатысуши мемлекеттердің көпшілігімен, кемінде үштен екісімен бекітіледі.

62-бап. Депозитарий және оның функциялары

1. Ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы құжаттар осымен депозитарий бекітетін Жеке құқықты біріздендірудің халықаралық институтына (УНИДРУА) сақтауға тапсырылады.

2. Депозитарий:

a) барлық Уағдаласушы Мемлекеттерді:

i) тиісті күнін көрсете отырып, әрбір қол қойылған немесе әрбір ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы құжаттың сақтауға жаңадан тапсырылғаны тұрағы;

ii) осы Конвенцияның күшіне ену күні туралы;

iii) тиісті күнін көрсете отырып, осы Конвенцияға сәйкес жасалған әрбір мәлімдеме тұрағы;

iv) тиісті күнін көрсете отырып, кез келген мәлімдемені кері қайтарып алу немесе өзгерту тұрағы;

v) тиісті күнін және күшін жоюдың күшіне ену күнін көрсете отырып, осы Конвенцияның күші жойылғаны туралы хабарлама туралы хабардар етеді;

b) осы Конвенцияның куәландырылған түпнұсқа көшірмелерін барлық қатысуши Мемлекеттерге жібереді;

c) Бақылаушы органға және Тіркеушіге сақтауға тапсыру күнін көрсете отырып,

ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы әрбір құжаттың, әрбір мәлімдеменің немесе мәлімдемені кері қайтарып алудың немесе мәлімдеме өзгерісінің және хабарлама күнін көрсете отырып, күшін жою туралы әрбір хабарламаның көшірмесін қамтыған ақпарат жалпыға қолжетімді болуы үшін береді; d) депозитарий үшін қалыпты болып табылатын басқа да функцияларды орындайды

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН тиісті түрде уәкілеттік беріліп, төменде қол қойған өкілетті өкілдер осы Конвенцияға қол қойды.

Екі мың бірінші жылғы қараша айының он алтысы күні Кейптаунда орыс, ағылшын, араб, испан, қытай және француз тілдерінде жалғыз түпнұсқа данада **ЖАСАЛДЫ** әрі барлық мәтіндер тәнгүпнұсқалы болып табылады, ол мұндай тәнгүпнұсқалыққа Конференцияның бірлескен хатшылығы Конференция Төрағасының өкілеттіктері шенберінде осында көрсетілген күннен бастап тоқсан күн ішінде оларды бір-біріне сәйкес келтіру тұрғысынан тексергеннен кейін ие болады.

Қосымша

Қазақстан Республикасының Конвенция мақсаттары үшін жасаған мәлімдемелері

№ 1 нысан. 39 (1)(a)-бап бойынша мәлімдемелер:

Қазақстан Республикасы мынадай шарттан тыс құқықтардың немесе кепілдіктердің санаттары :

а) объектінің қаржыландыру немесе лизинг шарты бойынша жұмыс беруші мәлімдеген дефолт кезінен бастап төленбеген жалақы бөлігінде қызметкерлердің пайдасына кепіл құқықтары ;

б) өзінің иелігіндегі объектіге жөндеу жүргізуі жүзеге асыратын тұлғаның пайдасына орындалған жұмыстар мен объектіге қосылған құнның шектеріндегі кепіл құқықтары заңнамаға сәйкес объектіге қандай да бір кепілдікке қатысы бойынша тіркелген халықаралық кепілдік иесіне тиесілі және бұл кепілдіктің дәрменсіздік жөніндегі рәсімдерге байланысы бар-жоғына қарамастан, тіркелген халықаралық кепілдік алдында басым күшке ие кепілдіктің басымдығына балама басымдыққа ие болатынын мәлімдейді.

№ 4 нысан. 39 (1)(b)-бап бойынша мәлімдемелер:

Осы Конвенциядағы ешнәрсе де Қазақстан Республикасының немесе мемлекеттік ұйымның, үкіметаралық ұйымның немесе қоғамдық қызмет көрсететін басқа да жекеменшік өнім берушінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аталған объекті немесе басқа объекті үшін мұндай қызмет көрсетуді ұсынуға тікелей қатысты, осында ұйымға немесе өнім берушіге тиесілі сомалар төлемі үшін объектіге тыйым салу немесе оны кідірту құқығына әсер етпейді.

№ 5 нысан. 39 (4)-бап бойынша мәлімдемелер:

Қазақстан Республикасы 1-тармақтың а) тармақшасына сәйкес жасалған мәлімдеме қолданылатын санаттардың бірінің құқығы немесе кепілдігі Хаттамаға қосылу күніне дейін тіркелген халықаралық кепілдікке қатысты басымдыққа ие болатынын мәлімдейді.

№ 6 нысан. 40-бап бойынша мәлімдеме:

Қазақстан Республикасы шарттан тыс құқықтардың немесе кепілдіктердің мынадай санаттары:

с) авиациялық объектіні толықтай немесе ішінара басқаруға немесе пайдалануға рұқсат беретін сот өкімін алған тұлғаның құқықтары; және

д) салықтарға немесе кез келген басқа төленбекен төлемдерге жатқызылатын мемлекеттік тұлғаның кепілдік немесе басқа құқықтары (Конвенцияның 39(1)(а)-бабы бойынша мәлімдемеге енгізілмеген); және

е) Конвенцияның 39 (1)(а)-бабы бойынша мәлімдемеге енгізілмеген кез келген басқа шарттан тыс құқық немесе кепілдік -

осы Конвенцияға сәйкес, осындай құқықтар немесе кепілдіктер халықаралық кепілдіктерді білдіретіндей, объектілердің қандай да бір санаты бойынша тіркелуі тиіс екенін, осыдан кейін бұл құқықтар немесе кепілдіктер халықаралық кепілдіктер ретінде қаралтуы тиіс екенін мәлімдейді.

№ 11 нысан. 53-бап бойынша мәлімдемелер:

Бірінші сатыдағы соттар өздерінің аумақтық соттылық шектерінде Конвенцияның 1-бабының және XII Тарапуның мақсаттары үшін сәйкес соттар болып табылады.

№ 13 нысан, 54(2)-бап бойынша міндettі мәлімдемелер:

Қазақстан Республикасы Конвенцияның қандай да болсын ережелеріне сәйкес және онда құқықтарды қорғаудың тәсілі ретінде айқын белгіленбекен, оған байланысты сотқа жүгіну керек болатын, кредиторда бар құқықтарды қорғаудың кез келген тәсілі сот рұқсатынсыз немесе қандай да бір басқа сот іс-әрекетінсіз қолданылуы мүмкін екенін мәлімдейді.

Жылжымалы жабдықта қатысты халықаралық кепілдіктер туралы конвенцияның мемлекеттік тілдегі мәтіні орыс тіліндегі мәтінімен тең түпнұсқалы.

ЖЫЛЖЫМАЛЫ ЖАБДЫҚҚА ҚАТЫСТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕПІЛДІКТЕР ТУРАЛЫ

КОНВЕНЦИЯГА АВИАЦИЯЛЫҚ ЖАБДЫҚ ЖӨНІНДЕГІ ХАТТАМА

ОСЫ ХАТТАМАҒА ҚАТЫСУШЫ МЕМЛЕКЕТТЕР

Жылжымалы жабдыққа қатысты халықаралық кепілдіктер туралы конвенцияның (бұдан әрі «Конвенция» деп аталатын) авиациялық жабдыққа қатысты бөліктегі және Конвенцияға кіріспеде жазылған мақсаттарды ескеріп орындалуын қамтамасыз ету қажет д е п Е С Е П Т Е Й О Т Ы Р Ы П ,

Конвенцияны авиациялық қаржыландырудың ерекше талаптарына бейімдеу және Конвенцияға авиациялық жабдықты сатып алу-сату шарттарын енгізу есебінен оның қолданылу аясын кеңейту қажеттігін ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП,

1944 жылғы 7 желтоқсанда Чикагода қол қойылған Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның қағидаттары мен мақсаттарын ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, авиациялық жабдыққа қатысты төмендегі ережелермен КЕЛІСТИ:

I тарау

Қолдану аясы және жалпы ережелер

I бап. Анықтамалар

1. Мән-жайлар өзгеше талап ететін жағдайларды қоспағанда, осы Хаттамада пайдаланылатын терминдер Конвенцияда айқындалғандайдай мағынада қолданылады

2. Осы Хаттамада мынадай терминдер төменде көрсетілген мағынада пайдаланылады :

a) «әуе кемелері» Чикаго конвенциясының мақсаттары үшін айқындалғандай әуе кемелерін білдіреді және авиациялық қозғалтқыштар орнатылған планерлерді не тікшараты : білдіреді ;

b) «авиациялық қозғалтқыштар» әуе кемелерінің реактивті қарқынмен қозғалысқа келтірілетін немесе турбиналық немесе поршеньдік технология пайдаланылатын қозғалтқыштарын білдіреді (әскери, кеден немесе полиция қызметтері пайдаланатындардан басқа), олар :

i) реактивті авиациялық қозғалтқыштар тартысы кемінде 1750 фунт немесе басқа бірліктердегі барабар шамада болады ;

ii) барлық модульдері және басқа да орнатылған, монтаждалған немесе қоса берілген керек-жараптары, бөлшектері мен жабдықтары бар, сондай-ақ соларға қатысты барлық деректері, нұсқаулықтары мен жазбалары бар жиынтықта турбиналық

немесе поршеньдік авиациялық қозғалтқыштардың бірліктегі ең төменгі ұшу қуаты кемінде 550 ат күші немесе басқа бірліктердегі барабар шамада болады;

с) «авиациялық объектілер» әуе кемелерінің планерлерін, авиациялық қозғалтқыштарды және тікұшақтарды білдіреді;

д) «әуе кемелерінің тіркелімі» Чикаго конвенциясының мақсаттары үшін жалпы тану және тіркеу белгілерін тіркейтін мемлекет немесе өкілетті орган жүргізетін тіркелімді білдіреді;

е) «әуе кемелерінің планерлері» тиісті авиациялық қозғалтқыштар орнатылғаннан кейін құзырлы авиациялық өкілетті органдар оларға:

и) екипажды қоса алғанда кемінде сегіз (8) адамды, немесе

ii) барлық орнатылған, монтаждалған немесе қоса берілген керек-жараптары, бөлшектері мен жабдықтары бар (авиациялық қозғалтқышты қоспағанда), сондай-ақ соларға қатысты барлық деректері, нұсқаулықтары мен жазбалары бар жиынтықта салмағы 2750 килограммнан аспайтын тауарларды тасымалдауға жарамдылығын куәландыратын үлгілік сертификат берілетін әуе кемелерінің планерлерін білдіреді (әскери, кеден немесе полиция қызметтері пайдаланатындардан басқа);

ф) «үәкілетті тарап» XIII баптың 3-тармағында айтылған тарапты білдіреді;

г) «Чикаго конвенциясы» 1944 жылғы 7 желтоқсанда Чикагода қол қойылған Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияны оған енгізілген өзгерістерімен және оған Коғыншаларды білдіреді;

h) «жалпы тану және тіркеу белгілерін тіркейтін өкілетті орган» тіркелімді Чикаго конвенциясының 77-бабына сәйкес жүргізетін және Халықаралық азаматтық авиация үйымының Кеңесі 1967 жылғы 14 желтоқсанда қабылдаған ұлт және халықаралық пайдалану агенттіктерінің әуе кемелерін тіркеу туралы қарапға сәйкес құрылатын өкілетті органды білдіреді;

i) «әуе кемесін тіркеуден алып тастау» әуе кемесін тіркеу туралы жазбаны Чикаго конвенциясына сәйкес авиациялық тіркелімнен алып тастауды немесе алып қоюды білдіреді;

j) «кепілдіктерді қамтамасыз ету туралы шарт» кепілгер ретіндегі тұлғамен жасалған шартты білдіреді;

k) «кепілгер» міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету туралы шарттың немесе қандай да бір өзге шарттың негізінде қандай да бір міндеттемелердің кредитордың пайdasына орындалуын қамтамасыз ету мақсатында кепілдеме беретін немесе алғашқы талап ету бойынша кепілдік беретін, резервтегі аккредитивті немесе кредит қамтамасыз ету туралы қандай да бір құжатты шығаратын тұлғаны білдіреді;

l) «тікұшақтар» аудан ауыр болатын ұшу аппараттарын білдіреді (әскери, кеден немесе полиция қызметтері пайдаланатындардан басқа), олар негізінен ауаның күш беретін қондырғының көмегімен білікті айналдыратын, шамамен вертикалды етіп орнатылған бір немесе бірнеше негізгі винттермен өзара әрекеті есебінен ұшады және

құзырлы

өкілетті

органдар

оларға:

i) экипажды қоса алғанда кемінде бес (5) адамды, немесе

ii) барлық орнатылған, монтаждалған немесе қоса берілген керек-жараптары, бөлшектері мен жабдықтары бар (негізгі винттерді қоса алғанда), сондай-ақ соларға қатысты барлық деректері, нұсқаулықтары мен жазбалары бар жиынтықта салмағы 450 килограммнан асатын тауарларды тасымалдауға жарамдылығын куәландыратын үлгілік

сертификатын

береңі.

m) «дәрменсіздікпен байланысты оқиға»:

i) дәрменсіздік бойынша рәсімдердің басталуын немесе

ii) егер кредитордың борышкерге қатысты дәрменсіздік бойынша рәсімді қозғау немесе құқықтарын қорғау амалдарын пайдалану құқығы Конвенцияға сәйкес мемлекеттің тиісті әрекеттерінің нәтижесінде тоқтатыла тұрған немесе заң бойынша іске асырылуы мүмкін емес болса, борышкердің төлемдерді тоқтата тұру жөнінде мәлімдеген ниетін немесе төлемдерді нақты тоқтата тұруын білдіреді;

n) «дәрменсіздікке қатысты бастапқы юрисдикция елі» егер өзгеше дәлелденбесе, борышкердің негізгі мұдделері шоғырланған және осы мақсат үшін борышкердің заңнамада көзделген штаб-пәтерінің орналасқан жері болып есептелетін немесе, егер бар болса, борышкер тіркелген немесе құрылған Уағдаласушы Мемлекетті білдіреді;

o) «тіркеу органды» Уағдаласушы Мемлекетте әуе кемелерінің тіркелімін жүргізетін және Чикаго конвенциясына сәйкес әуе кемелерін тіркеу және тіркеуден алып тастау үшін жауап беретін ұлттық өкілетті органды немесе жалпы тану және тіркеу белгілерін тіркейтін

органды

білдіреді;

p) «тіркеу мемлекеті» әуе кемесіне қатысты ұлттық тіркеліміне әуе кемесі туралы тіркеу жазбасы енгізілетін мемлекетті немесе әуе кемелерінің тіркелімін жүргізетін, жалпы тану және тіркеу белгілерін тіркейтін өкілетті орган орналасқан мемлекетті білдіреді.

II бап. Конвенцияны авиациялық объектілерге қатысты қолдану

1. Конвенция авиациялық объектілерге қатысты осы Хаттаманың ережелеріне сәйкес

қолданылады.

2. Конвенция және осы Хаттама «Авиациялық объектілерге қолданылатын жылжымалы жабдыққа қатысты халықаралық кепілдіктер туралы конвенция» деген атауға ие болады.

III Конвенцияны сатуларға қолдану

Егер халықаралық кепілдікті құратын немесе көздейтін келісімге сілтемелер сатып алу-сату шартына сілтемелер болса және егер халықаралық кепілдікке, шартты халықаралық кепілдікке, борышкер мен кредиторға сілтемелер тиісінше сатуға, шартты

түрде сатуға, сатушы мен сатып алушыға сілтемелер болса, Конвенцияның төмендегі ережелері қолданылады:

3	және	4 - баптар;
16-баптың	1-тармағының	а) тармақшасы;
	19 - баптың	4 - тармағы;

20-баптың 1-тармағы (сатып алу-сату немесе шартты түрде сату шартын тіркеуге қатысты);

25-баптың 2-тармағы (шартты түрде сатуға қатысты);
30 - бап.

Сонымен қатар, сатып алу-сату және шартты түрде сату шарттарына 1-баптың, 5-баптың, IV-VII тараулардың, 29-баптың (XIV баптың 1 және 2-тармақтарымен ауыстырылған 29-баптың 3-тармағынан басқа), X тараудың, XII тараудың (43-баптан басқа), XIII тараудың және XIV тараудың (60-баптан басқа) жалпы ережелері қолданылады.

IV бап. Қолдану аясы

1. Конвенцияның 3-бабының 1-тармағына залал келтірілмей, осы Конвенция егер мұндай тіркеу келісім жасасу кезінде қолданыста болған деп есептелген әуе кемесін тіркеу туралы келісімге сәйкес жүргізілсе, тіркеу мемлекеті болып табылатын Ұағдаласуыш Мемлекеттің әуе кемелері тіркелімінде тіркелген тікүшаққа немесе әуе кемесінің планеріне де қолданылады.

2. Конвенцияның 1-бабында қамтылған «ішкі мәмілені» айқындау мақсаттары үшін:
а) планер өзі тиесілі болатын, әуе кемесі тіркелген мемлекетте болады;
б) авиациялық қозғалтқыш өзі орнатылған әуе кемесі тіркелген мемлекетте немесе егер ол әуе кемесінде орнатылмаған болса, өзі нақты тұрған мемлекетте болады;;
с) тікүшақ тиісті кепілдік соның негізінде туындейтын немесе сол бойынша көзделетін келісімді жасасу кезінде өзі тіркелген мемлекетте болады.

3. Бір-бірімен қарым-қатынастарда тараптар жазбаша түрде ресімделген келісімді жасасу жолымен IX баптың 2-4-тармақтарының ережелерін қоспағанда, осы Хаттаманың кез келген ережелерінен бас тарта алады немесе олардан шегіне алады. Жазбаша түрде келісім жасаса отырып, тараптар XI баптың қолданылуын жоюы мүмкін.

V бап. Сатып алу-сату шарттарының формальды белгілері, салдарлары мен оларды тіркеу

1. Осы Хаттаманың мақсаттары үшін:
а) жазбаша түрде жасалған;
б) сатушының билік ету құқығы бар авиациялық объектіге қатысты;

с) осы Хаттамаға сәйкес авиациялық объектіні сәйкестендіруге мүмкіндік беретін шарт сатып алу-сату шарты болып табылады.

2. Сатып алу-сату шарты бойынша сатушының авиациялық объектіге қатысты кепілдігі осы шарттың талаптарына сәйкес сатып алушыға өтеді.

3. Сатып алу-сату шартын тіркеу мерзімсіз болып табылады. Шартты түрде сатуды тіркеу оның күшін жойғанға дейін немесе егер мұндай жайт көрсетілген болса, тіркеу кезінде атап көрсетілген уақыт кезеңі аяқталғанға дейін күшінде болады.

VI бап. Өкілдердің өкілеттіктері

Кез келген тұлға авиациялық объектіге қатысты келісімді жасаса алады немесе оны сатуды жүзеге асыра алады және оған қатысты халықаралық кепілдікті тіркей алады немесе мұндай объектіні агент, сенім білдірілген тұлға ретінде немесе кез келген өзге де өкілдік сипатта сатуды жүзеге асыра алады. Мұндай жағдайда бұл тұлға өзінде Конвенцияға сай құқықтар мен кепілдіктердің болуы туралы мәлімдей алады.

VII бап. Авиациялық объектілер сипаттамасы

Жасап шығаруышының сериялық нөмірін, жасап шығаруышының атауын және модельдің белгіленуін қамтитын авиациялық объекті сипаттамасы Конвенцияның 7-бабы с) тармағының және осы Хаттаманың V бабының 1-тармағы с) тармақшасының мақсаттары үшін объектіні сәйкестендіруге қажетті және жеткілікті болып табылады.

VIII бап. Қолданылатын құқықты таңдау

1. Осы бап Уағдаласуши Мемлекет XXX баптың 1-тармағына сәйкес мәлімдеме жасаған жағдайдаған қолданылады.

2. Тараптар келісімде немесе сатып алу-сату шартында немесе кепілдіктерді қамтамасыз ету туралы солармен байланысты шартта немесе міндеттемелер бағыныстырышының тәртібі туралы келісімде соларға сәйкес олардың шарттық құқықтары мен міндеттері толық немесе ішінара реттелуге тиіс құқыққа қатысты уағдаласа алады.

3. Егер өзгеше келісілмесе, алдыңғы тармақта тараптар таңдап алған құқық туралы атап көрсету атап алған мемлекеттің ішкі мемлекеттік құқық нормаларына немесе егер бұл мемлекет бірнеше аумақтық бірліктен тұрса, көрсетілген аумақтық бірліктің ішкі құқығына сілтеме жасауды білдіреді.

II тарау

Міндеттемелерді орындауда кезінде құқықтарды қорғау тәсілдері, басымдықтар мен цессиялар

IX бап. Міндеттемелерді орындау кезінде құқықтарды қорғау тәсілдері туралы ережелерді өзгерту

1. Конвенцияның III тарауында көрсетілген құқықтарды қорғау тәсілдеріне қосымша ретінде кредитор мұнымен борышкер қай уақытта болсын келіскең көлемде және осы тарауда көрсетілген мән-жайлар туындаған кезде:

талап етеде алады.

a) әуе кемесін тіркеуден алып тастауды талап ете алады;

b) авиациялық объектінің түрған аумақтан әкетуді және физикалық тасымалдауды талап етеде алады.

2. Кредитор алдыңғы тармақта көрсетілген құқықтарды қорғау тәсілдерін осы кредитордың тіркелген кепілдігінің алдында кезектілік тәртібімен есепте түрған қандай да бір тіркелген кепілдікті иеленушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдаланбайды;

3. Конвенцияның 8-бабының 3-тармағы авиациялық объектілерге қолданылмайды. Конвенцияда авиациялық объектіге қатысты көзделген кез келген құқықтарды қорғау тәсілі коммерциялық түрғыдан ақылға қонымды түрде пайдаланылады. Егер құқықтарды қорғау тәсілі мұндай ереже айқын түрде қисынсыз болып табылатын жағдайларды қоспағанда, келісімнің қандай да бір ережесіне сәйкес қолданылса, ол коммерциялық түрғыдан ақылға қонымды түрде пайдаланылуда деп есептеледі.

4. Мұдделері тұлғаларға болжанып отырған сату немесе лизингке беру туралы жазбаша хабарламаны он немесе одан да көп жұмыс күні бұрын ұсынған кепіл ұстаушы Конвенцияның 8-бабының 4-тармағында қамтылған «акылға қонымды мерзімде алдын ала хабарламаны ұсыну» туралы талапты қанағаттандыруши болып есептеледі. Жоғарыда айтылған ереже кепіл ұстаушы мен кепіл берушінің немесе кепілгердің арасындағы алдын ала хабарламаның одан да ұзақ мерзімі туралы үағдаластыққа келуіне кедергі болмайды.

5. Үағдаласуышы Мемлекеттегі тіркеу органды ұшу қауіпсіздігі саласында қолданылатын зандар мен қағидаларды ескере отырып, егер:

a) мұндай өтінішті уәкілетті тарап тіркеуден алып тастауға және әкетуге арналып тіркелген кері қайтарылмайтын өкілеттікке сәйкес тиісті түрде ұсынған болса;

b) уәкілетті тарап тіркеу органдына, егер мұны осы орган талап етсе, осы өкілеттік соның пайдасына берілген кредитордың тіркелген кепілдігінің алдында кезектілік тәртібімен есепте түрған барлық тіркелген кепілдіктердің қанағаттандырылғанын немесе мұндай кепілдіктердің иеленушілері тіркеуден алып тастауға және әкетуге келіскеңін растаса, объектінің тіркеуден алып тастау және әкету туралы өтінішті қанағаттандырады.

6. Әуе кемесін 1-тармаққа сәйкес, сот қаулысының негізінен өзгеше болатындей тіркеуден алып тастауды және әкетуді талап етпек болған кепіл ұстаушы ақылға қонымды мерзімдерде болжанып отырған тіркеуден алып тастау және әкету туралы

а л д ы н

а л а

х а б а р л а м а н ы :

а) Конвенцияның 1-бабы т) тармағының i) және ii) тармақшаларында көрсетілген
мұдделе

тұлғаларға ;

б) Конвенцияның 1-бабы т) тармағының iii) тармақшасында көрсетілген және кепіл
ұстаушыға өз құқықтары туралы тастауға және әкетуге дейін ақылға қонымды
мерзімдерде хабар берген мүдделі тұлғаларға жазбаша түрде ұсынады.

Х бап. Құқықтарды қорғау жөніндегі уақытша шараларға қатысты ережелерді өзгерту

1. Осы бап Уағдаласуши Мемлекет XXX баптың 2-тармағына сәйкес мәлімдеме
жасаған жағдайда ғана және сол мәлімдемеде көрсетілген көлемде қолданылады.

2. Конвенцияның 13-бабы 1-тармағының мақсаттары үшін қорғауға ие болу
түрғысынан «кідіртпей» деген сөз қорғауға алу туралы өтініш берілген күннен бастап
жұмыс күні санының осындай өтініш берілген Уағдаласуши Мемлекетте жасалған
мәлімдемеде көрсетілгендей болып өтуін білдіреді.

3. Конвенцияның 13-бабының 1-тармағы d) тармақшасынан кейін бірден мына
мәтінді қосу арқылы қолданылады:

«e) егер кез келген уақытта мұндай жайт борышкермен және кредитормен накты
келісілген болса, сату және одан түсетін ақшаны пайдалану туралы», ал 43-баптың 2-
тармағы «d) тармақшасының» деген сөзден кейін «және e)» деген сөздерді қосу арқылы
қолданылады .

4. Борышкердің меншік құқығы немесе алдыңғы тармаққа сәйкес сату кезінде
өтетін қандай да бір өзге құқығы Конвенцияның 29-бабының ережелеріне сәйкес
кредитордың халықаралық кепілдігінің оған қатысты басымдығы болатын кез келген
басқа кепілдікпен ауыртпалық салудан бос болып табылады.

5. Кредитор мен борышкер немесе кез келген басқа мүдделі тұлға кез келген
уақытта Конвенцияның 13-бабының 2-тармағы ережелерінің қолданылмайтыны туралы
жазбаша түрде келісім жасаса алады.

6. IX баптың 1-тармағында көрсетілген құқықтарды қорғау тәсілдеріне қатысты
айтатын болсақ, онда :

а) оларды Уағдаласуши Мемлекетте тіркеу органды және қажет болғанда басқа да
әкімшілік органдар кредитор осындай органдарды IX баптың 1-тармағының
ережелеріне сәйкес немесе шетелдік сот қорғауға алған жағдайда, осындай
Уағдаласуши Мемлекеттің соты оны мойындаған жағдайда қорғауға алу туралы және
кредитордың Конвенцияға сәйкес осындай құқықтарды қорғау тәсілдерін алуға құқығы
бар екені туралы хабардар еткен соң бес жұмыс күнінен кешіктірмей көрсетеді;

б) құзырлы органдар үшу қауіпсіздігі туралы қолданыстағы зандар мен нормативтік
ережелерге сәйкес осындай құқықтарды қорғау тәсілдерін пайдалануда кредиторға

жедел ынтымақтастық пен жәрдемдесуді көрсетеді.

7. 2 және 6-тармақтардың ережелері үшу қауіпсіздігі туралы қандай да бір қолданыстағы зандар мен нормативтік ережелерді қозғамайды.

XI бап. Дәрменсіздік жағдайында құқықтарды қорғау тәсілдері

1. Осы бап дәрменсіздікке қатысты бастапқы юрисдикция елі болып табылатын Уағдаласуши Мемлекет XXX баптың 3-тармағына сәйкес мәлімдеме жасаған жағдайларда ғана қолданылады.

А нұсқасы

2. Дәрменсіздікпен байланысты оқиға туындағаннан кейін дәрменсіздік бойынша басқарушы немесе тиісті жағдайларда борышкер 7-тармақтың ережелерін ескере отырып, авиациялық объектіні төменде тізбеленген күндердің ең ertesінен кешіктірмей,

кредитордың иелігіне береді:

а) кейінге қалдыру кезеңінің аяқталуы;

б) осы бап қолданылмаған жағдайда, кредитордың авиациялық объектіні иелену
құқығы басталатын күн.

3. Осы баптың мақсаттары үшін «кейінге қалдыру кезеңі» дәрменсіздікке қатысты бастапқы юрисдикция елі болып табылатын Уағдаласуши Мемлекеттің мәлімдемесінде атап көрсетілген кезеңді білдіреді.

4. Осы бапта «дәрменсіздік бойынша басқарушыға» жасалған сілтемелер аталаған тұлғаға жеке тұрғыдан емес, ресми тұрғыдан қатысты болады.

5. Егер кредиторға 2-тармаққа сәйкес иелену мүмкіндігі берілмесе:

а) дәрменсіздік бойынша басқарушы немесе тиісті жағдайларда борышкер келісімге сәйкес авиациялық объектіні сақтайды, күтеді және құнының төмендеуіне жол бермейді;

б) кредитор қолда бар қолданыстағы құқыққа сай кез келген басқа да құқықтарды қорғаудың уақытша нысанын беру жөнінде жүргінуге құқылы.

6. Алдыңғы тармақтың а) тармақшасы авиациялық объектінің сақталуын, күтілуін және құнының төмендемеуін қамтамасыз етуге бағытталған жағдайларда осы авиациялық объектіні пайдалану мүмкіндігін жоққа шығармайды.

7. Дәрменсіздік бойынша басқарушы немесе тиісті жағдайларда борышкер, егер ол 2-тармақта атап көрсетілген күнге дәрменсіздік бойынша рәсімдердің басталуымен туындаитын міндеттемелерді бұзудан басқа барлық міндеттеме бұзуларды жойса және болашақта барлық міндеттемелерді келісімге сәйкес орындауға келісімін берсе, авиациялық объектіні өзінде сақтап қала алады.

Осындаған міндеттемелерді сақтамауға қатысты кейінге қалдырудың екінші
кеzeңі қолданылмайды.

8. IX баптың 1-тармағында көрсетілген құқықтарды қорғау тәсілдеріне қатысты

а й т а т ы н

б о л с а к ,

о н д а :

а) оларды Уағдаласуши Мемлекетте тіркеу органы және тиісті жағдайларда әкімшілік органдар кредитор мұндай органдарды осы Конвенцияға сәйкес осындағы құқықтарды қорғау тәсілдерін алуға құқығы бар екені жөнінде хабардар еткен күннен кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей көрсетеді;

б) құзырлы органдар үшу қауіпсіздігі туралы қолданыстағы зандар мен нормативтік ережелерге сәйкес осындағы құқықтарды қорғау тәсілдерін пайдалануда кредиторға жедел ынтымақтастық пен жәрдемдесуді көрсетеді.

9. 2-тармақта көрсетілген күннен кейін Конвенцияда немесе осы Хаттамада рұқсат етілген құқықтарды қорғау тәсілдерін пайдалануда кедергілер немесе кешіктірулер жа с а л м а й д ы .

10. Борышкердің келісім бойынша ешбір міндеттемелері кредитордың келісімінсіз өз г е р т і л е ал ма й д ы .

11. Алдыңғы тармақтағы ешбір жайт, егер мұндайлар бар болса, дәрменсіздік бойынша басқарушының қолданылатын құқыққа сәйкес келісімнің қолданысын тоқтатуға арналған өкілеттіктерін қозғайтындағы болып түсінілмеуге тиіс.

12. 39-баптың Д-тармағына сәйкес жасалған мәлімдемеде тізбеленген санаттардың біріне жататын шарттан тиіс құқықтардан немесе кепілдіктерден басқа ешбір құқықтардың немесе кепілдіктердің дәрменсіздік бойынша рәсімдерде тіркелген кепілдіктерге катысты басым күші болмайды.

13. Осы Хаттаманың IX бабымен өзгертілген Конвенция осы бапқа сәйкес кез келген құқықтарды қорғау тәсілдерін пайдалану кезінде қолданылады.

В нұсқасы

2. Дәрменсіздікпен байланысты оқиға туындағаннан кейін дәрменсіздік бойынша басқарушы немесе тиісті жағдайларда борышкер кредитордың өтініші бойынша Уағдаласуши Мемлекеттің XXX баптың 3-тармағына сәйкес жасаған мәлімдемесінде көрсетілген мерзім ішінде оған:

а) дәрменсіздік бойынша рәсімдердің басталуынан туындағайтын міндеттемелерді бұзудан басқа барлық міндеттеме бұзуларды оның жоюы-жоймауы және келісімге және мәмілемен байланысты құжаттарға сәйкес барлық болашақ міндеттемелерді орындауға оның келісүі-келіспеуі немесе

қолданылатын құқыққа сәйкес авиациялық объектіні иелену мүмкіндігін кредиторға беруі-бермөуі жөнінде хабарлайды.

3. Алдыңғы тармақтың б) тармақшасында айтылған қолданылатын құқық сотқа кез келген қосымша шарапалар қабылдауды немесе кез келген қосымша кепілдіктер ұсынууды талап етуге рұқсат бер е ал ад а д ы .

4. Кредитор өз талаптарының дәлелін және оның халықаралық кепілдігінің тіркелгенін растауды ұсынады.

5. Егер дәрменсіздік бойынша басқарушы немесе тиісті жағдайларда борышкер 2-

тармаққа сәйкес хабардар етпесе немесе егер дәрменсіздік бойынша басқарушы немесе борышкер кредиторға авиациялық объектін іелігіне алуға мүмкіндік беретінін мәлімдеп, бірақ оны жасамаса, сот кредиторға авиациялық объектіні сот белгілейтін шарттарда иеленуге рұқсат бере алады және кез келген қосымша шаралар қабылдауды немесе кез келген қосымша кепілдіктер беруді талап ете алады.

6. Авиациялық объект сот тиісті талап қою мен халықаралық кепілдікке қатысты шешім қабылдағанға дейін сатылмайды.

XII бап. Дәрменсіздік жағдайында көмек көрсету

1. Осы бап Уағдаласуши Мемлекет XXX баптың 1-тармағына сәйкес мәлімдеме жасаған жағдайда ғана қолданылады.

2. Авиациялық объект тұрған Уағдаласуши Мемлекеттің соттары осы Уағдаласуши Мемлекеттің заңнамасына сәйкес шетелдік соттарға және шетелдік дәрменсіздік бойынша басқарушыларға XI баптың ережелерін орындауда барынша мүмкін болатын ынтымақтастықты көрсетеді.

XIII бап. Тіркеуден алып тастауға және әкетуге өкілеттік

1. Осы бап Уағдаласуши Мемлекет XXX баптың 1-тармағына сәйкес мәлімдеме жасаған жағдайда ғана қолданылады.

2. Егер борышкер тіркеуден алып тастауға және әкетуге арналған кері қайтарылмайтын өкілеттікті негізінен осы Хаттамаға қоса берілген нысанға сәйкес келетін нысанда берсе және тіркеу үшін мұндай өкілеттікті тіркеу органына ұсынса, бұл өкілеттік тиісті түрде тіркеледі.

3. Өзіне осындай өкілеттік берілген тұлға («уәкілетті тарап») немесе ол ресми түрде тағайындаған тұлға IX баптың 1-тармағында көрсетілген құқықтарды қорғау тәсілдерін пайдалануға құқылы және осы өкілеттікке және ұшу қауіпсіздігі жөніндегі кез келген қолданылатын заңнамалық немесе нормативтік ережелерге сәйкес түрде ғана осылайша әрекет ете алатын дара тұлға болып табылады. Мұндай тараптың жазбаша келісімінсіз кері қайтара алмайды. Тіркеу органы уәкілетті тараптың өтініші бойынша өкілеттікті тіркелімнен алып тастайды.

4. Уағдаласуши Мемлекетте тіркеу органы және басқа да әкімшілік органдар IX бапта көрсетілген құқықтарды қорғау тәсілдерін пайдалануда уәкілетті тарапқа жедел ынтымақтастық пен жәрдемдесуді көрсетеді.

XIV бап. Басымдықтар туралы ережелерді өзгерту

1. Авиациялық объектінің сатып алушы тіркелген сатып алу-сату шарты бойынша осы объектіге құқықтарды кейінрек тіркелген кепілдікпен және тіркелмеген

кепілдікпен салынған ауыртпалықтан бос түрінде, егер сатып алушыға мұндай тіркелмеген кепілдіктің бар екені жөнінде белгілі болса да иеленеді.

2. Авиациялық объектіні сатып алушы осы объектіге құқықтарды бұл құқықтарды иелену кезіне тіркелген кез келген кепілдікпен салынған ауыртпалық ескеріліп иеленеді.

3. Авиациялық қозғалтқышқа меншік құқығы немесе өзге де құқық немесе кепілдік оны әуе кемесіне орнату немесе одан шешіп алу нәтижесінде қозғалмайды.

4. Конвенцияның 29-бабының 7-тармағы әуе кемесінің планерінде, авиациялық қозғалтқышта немесе тікүшақта орнатылған, объектіге жатпайтын компоненттерге колданылады.

XV бап. Цессия туралы ережелерді өзгерту

1. Конвенцияның 33-бабының 1-тармағы б) тармақшасынан кейін мынадай мәтін қосылғандай болып қолданылады:

«с) келісімнің цессияны жасасқанға дейін берілгеніне-берілмегеніне не цессионарийді нақты көрсету арқылы берілгеніне-берілмегеніне қарамастан, борышкеге жазбаща турде қелісім берсе»⁷

XVI бап. Борышкерге қатысы бар ережелер

1. Конвенцияның 11-бабының мағынасында міндеттемелерді орындау фактісі болмаған кезде борышкедің:

а) борышкер құқықтарды Конвенцияның 29-бабының 4-тармағына сәйкес кепілдік ауыртпалығынан бос түрінде иеленетін жағдайда немесе егер борышкер өзгедейге келіспеген көлемде болса да, борышкер осы Хаттаманың XIV бабының 1-тармағына сәйкес сатып алушы ретінде шыққанда, өз кредиторына және кез келген кепілдікті и е л е н у ш і г е ;

б) борышкердің құқықтары немесе кепілдігі Конвенцияның 29-бабының 4-тармағына сәйкес ауыртпалықты болып табылатын немесе борышкер осы Хаттаманың XIV бабының 2-тармағына сәйкес бірақ егер мұндай жайт орын алса, осындай иеленуші сонымен келіскең дәрежеде ғана сатып алушы ретінде шыққанда, кез келген кепілдікті иеленушіге қатысты объектіні келісімге сәйкес кедергісіз иелену мен пайдалану

2. Конвенциядағы немесе осы Хаттамадағы ешбір жайт кредитордың келісімді қолданылатын құқыққа сәйкес осы келісімнің авиациялық объектіге қатысты болу қөлемінде қез келген бұзғаны үшін жауапкершілігін қозғамайды.

III тарау

Авиациялық объектілерге қатысты халықаралық кепілдіктерді тіркеу жүйесіне қатысы бар ережелер

XVII бап. Бақылаушы орган және Тіркеуші

1. Жылжымалы жабдық туралы конвенцияны және авиациялық хаттаманы қабылдау үшін Дипломатиялық конференция қабылдаған қарапмен белгіленген халықаралық ұйым Бақылаушы орган болып табылады.

2. Егер алдыңғы тармақта айтылған халықаралық ұйым Бақылаушы орган ретінде әрекет ете алмаса және оның әрекет ету ниеті болмаса, басқа Бақылаушы органды белгілеу үшін қол қойған және Уағдаласуышы Мемлекеттердің конференциясы шақырылады.

3. Бақылаушы орган және оның лауазымды адамдары мен қызметшілері өздеріне қатысты халықаралық ұйым нормаларымен немесе өзге де түрде қолданылатындей сот немесе әкімшілік әрекеттерден иммунитетті пайдаланады.

4. Бақылаушы орган кандидатураларын қол қойған және Уағдаласуышы Мемлекеттер ұсынған және қажетті құзыреті мен тәжірибесі бар адамдардың қатарынан сарапшылар комиссиясын қура алады және оған Бақылаушы органға өз функцияларын орындауда көмек көрсетуді тапсыра алады.

5. Бірінші Тіркеуші Халықаралық тіркелімді осы Хаттама күшіне енген күннен бастап бес жыл бойы жүргізеді. Содан соң Бақылаушы орган Тіркеушіні тұрақты негізде бесжылдық мерзімге белгілейді немесе қайта белгілейді.

XVIII бап. Бастапқы қағидалар

Тіркеуші орган бастапқы қағидаларды олар осы Хаттама күшіне енген кезден бастап қолданыла бастайтындей етіп қабылдайды.

XIX бап. Ақпарат енгізуудің белгіленген пункттері

1. Уағдаласуышы Мемлекет 2-тармақтың ережелерін ескере отырып, кез келген уақытта өз аумағындағы ұйымды немесе ұйымдарды ақпаратты енгізу пункті немесе пункттері ретінде белгілей алады, олар арқылы Халықаралық тіркелімге 40-бапқа сәйкес, екі жағдайда да басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес туындайтын ұлттық кепілдік туралы хабарламаны немесе құқық немесе кепілдік туралы хабарламаны тіркеумен қатар, тіркелуге қажетті ақпарат берілуге тиіс немесе берілуі мүмкін.

2. Алдыңғы тармаққа сәйкес жүргізілген белгілеу авиациялық қозғалтқыштарға қатысты тіркеу үшін талап етілетін ақпаратты енгізу үшін белгіленген пунктті немесе пункттерді пайдалануға жол беруі мүмкін, бірақ оны міндеттемеуі мүмкін.

XX бап. Тіркелімге қатысы бар ережелерді қосымша өзгерту

1. Конвенцияның 19-бабы 6-тармағының мақсаттары үшін қайталануды болдырмау үшін қажет болғанда басқа деректермен толықтырылып отыратын авиациялық объектіні жасап шығарушының атауы, оны жасап шығарушының сериялық нөмірі және модельдің белгіленуі ол үшін іздеу критерийлері болып табылады.

Мұндай қосымша ақпарат қағидаларда атап көрсетіледі.

2. Конвенцияның 25-бабы 2-тармағының мақсаттары үшін және онда сипатталған мән-жайлардың болуы кезінде тіркелген шартты халықаралық кепілдіктің немесе тіркелген халықаралық кепілдіктің шартты цессиясының иеленушісі не шартты түрде сату соның пайдасына тіркелген тұлға өз өкілеттіктерінің шегінде осы тармақта көрсетілген талапты алғаннан кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей, тіркеудің жойылуын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдайды.

3. Конвенцияның 17-бабы 2-тармағының h) тармақшасында айтылған алымдар Халықаралық тіркелімді құрумен, жүргізумен және реттеумен байланысты ақылға қонымды шығындардың, сондай-ақ Бақылаушы органның Конвенцияның 17-бабының 2-тармағында көзделген функцияларды атқарумен, өкілеттіктерді жүзеге асырумен және міндеттерді орындаумен байланысты ақылға қонымды шығындарының орны толтырылатында етіп белгіленеді.

4. Халықаралық, тіркелімнің орталықтандырылған функцияларын Тіркеуші тәулік бойы жүзеге асырады және атқарады. Ақпарат енгізудің әртүрлі пункттері өз функцияларын жұмыс уақытында өздерінің тиісті аумақтарында жүзеге асырады.

5. Конвенцияның 28-бабының 4-тармағында айтылған сақтандыру немесе қаржылық кепілдіктер сомасы әрбір оқиғаға қатысты авиациялық объектінің тым болмағанда Тіркеуші орган белгілеген ең жоғары құнына тең болады.

6. Конвенциядағы ешбір жайт Тіркеуші Конвенцияның 28-бабына сәйкес олар үшін жауапты болмайтын оқиғаларды жабу үшін Тіркеушіге сақтандыруды немесе қаржылық кепілдіктерді алуға кедергі келтірмейді.

IV тарау Юрисдикция

XXI бап. Юрисдикция туралы ережелерді өзгерту

Конвенцияның 43-бабының мақсаттары үшін және Конвенцияның 42-бабын ескере отырып, Уағдаласуши Мемлекеттің соты осы мемлекет тіркеу мемлекеті болып табылған жағдайда да юрисдикцияға ие болады.

XXII бап. Егеменді иммунитеттен бас тарту

1. 2-тармақтың ережелері ескеріліп, Конвенцияның 42 немесе 43-баптарында айтылған соттар юрисдикциясынан егеменді иммунитеттен бас тарту немесе Конвенцияға сәйкес қандай да бір авиациялық объектіге қатысты құқықтарды мәжбүрлеп орыннатуға және кепілдіктердің сақталуына байланысты міндettі болып табылады және осындаи юрисдикцияны немесе осындаи мәжбүрлеп орыннатуды жүзеге асырудың басқа да талаптары сақталған жағдайда, мән-жайларға қарай, юрисдикцияны жүзеге асыруға құқықтар мен мәжбүрлеп орыннатуға рұқсаттар беру бөлігінде жарамды болып табылады.

2. Алдыңғы тармақта көзделген бас тарту жазбаша түрде ресімделуге және авиациялық объектінің сипаттамасын қамтуға тиіс.

V тарау **Басқа конвенциялармен байланыс**

XXIII бап. Әуе кемелеріне құқықтарды халықаралық мойындау туралы конвенциямен байланыс

Осы Конвенция 1948 жылғы 19 маусымда Женевада қол қойылған Әуе кемелеріне құқықтарды халықаралық мойындау туралы конвенцияның тарабы болып табылатын Уағдаласуши Мемлекет үшін аталған Конвенцияны осы Хаттамада айқындалғандай әуе кемелеріне және авиациялық объектілерге қатысы бар бөлікте ауыстырады. Алайда, осы Конвенция қамтымайтын немесе Конвенция оларға қолданылмайтын құқықтарға немесе кепілдіктерге қатысты Женева конвенциясы ауыстырылмайды.

XXIV бап. Әуе кемелерін ескерту үшін тұтқындауға қатысы бар кейбір қағидаларды біріздендіруге арналған конвенциямен байланыс

1. Осы Конвенция 1933 жылғы 29 мамырда Римде қол қойылған Әуе кемелерін ескерту үшін тұтқындауға қатысы бар кейбір қағидаларды біріздендіруге арналған конвенцияның тарабы болып табылатын Уағдаласуши Мемлекет үшін аталған Конвенцияны осы Хаттамада айқындалғандай әуе кемелеріне қатысы бар бөлікте ауыстырады .

2. Уағдаласуышы Мемлекет - жоғарыда айтылған Конвенцияның қатысушысы осы Хаттаманы ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе оған қосылу кезінде өзінің осы бапты қолданбайтыны жөнінде мәлімдей алады.

ХХV бап. Халықаралық қаржылық лизинг туралы УНИДРУА конвенциясымен байланыс

Осы Конвенция 1988 жылғы 28 мамырда қол қойылған Халықаралық қаржылық лизинг туралы УНИДРУА конвенциясын авиациялық объектілерге қатысы бар бөлікте ауыстырады.

VI тапай

Корытынды ережелер

XXVI бап. Қол қою, ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу

1. Осы Хаттама жылжымалы жабдық туралы конвенцияны және авиациялық хаттаманы қабылдау үшін 2001 жылғы 29 қазан-16 қараша аралығында Кейптаунда өткен Дипломатиялық конференцияға қатысқан мемлекеттердің 2001 жылғы 16 қарашада Кейптаунда қол қоюы үшін ашық. 2001 жылдың 16 қарашасынан кейін осы Хаттама барлық мемлекеттердің Халықаралық жеке құқықты біріздендіру институтының Римдегі Штаб-пәтерінде ол XXVIII бапқа сәйкес күшіне енгенге дейін қол қоюы үшін ашық болады.

2. Осы Хаттаманы оған қол қойған мемлекеттер ратификациялауға, қабылдауға
н е м е с е б е к і т у г е т и і с .

3. Осы Хаттамаға қол қоймаған кез келген мемлекет оған кез келген уақытта қосыла аладады.

4. Ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу депозитарийге бұл туралы ресми құжатты сактауға тапсыру жолымен жүргізіледі.

5. Мемлекет, егер ол Конвенцияның қатысушысы болып табылмаса немесе болмаған жағдайда, осы Хаттаманың қатысушысы бола алмайды.

XXVII бап. Өнірлік экономикалық интеграция уйымдары

1. Егеменді мемлекеттер құрған және осы Хаттамамен реттелетін кейбір мәселелерге қатысты құзыretі болатын кез келген өңірлік экономикалық интеграция үйімі да осы Хаттамаға қол қоюы, оны ратификациялауы, қабылдауы, бекітуі немесе оған қосылуы мүмкін. Бұл жағдайда өңірлік экономикалық интеграция үйімі осы Хаттамамен реттелетін мәселелерге қатысты осы үйімның құзыretі болатында көлемде Уағдаласушы Мемлекеттің құқықтары мен міндеттемелеріне ие болады.

Уағдаласуши Мемлекеттер саны осы Хаттамада релевантты болып табылатын жағдайларда өңірлік экономикалық интеграция үйымы Уағдаласуши Мемлекеттер болып табылатын оған мүше мемлекеттерге қосымша ретінде Уағдаласуши Мемлекет б о л ы п е с е п т е л м е й д і .

2. Өңірлік экономикалық интеграция үйымы қол қою, қабылдау, бекіту немесе қосылу кезінде осы Хаттама реттейтін және соларға қатысты осы үйымға оған мүше мемлекеттердің құзыреті берілген мәселелерді көрсете отырып, депозитарийге мәлімдеме жасайды. Өңірлік экономикалық интеграция үйымы депозитарийге осы тармаққа сәйкес жасалған мәлімдемеде көрсетілген құзыреттердің аражігін ажыратудың кез келген өзгерістері туралы, оның ішінде жаңа құзыреттер беру туралы д е р е у х а б а р л а й д ы .

3. Осы хаттамада «Уағдаласуши Мемлекетке» немесе «Уағдаласуши Мемлекеттерге» немесе «қатысуши Мемлекетке» немесе «қатысуши Мемлекеттерге» кез келген сілтеме жасау контекст талап еткенде өңірлік экономикалық интеграция үйымына бірдей дәрежеде қатысты болады.

XXVIII бап. Күшіне ену

1. Осы Хаттама осындай құжаттарды сақтауға тапсырған мемлекеттер арасындағы ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы сегізінші құжат сақтауға тапсырылған күннен кейін үш ай өткен соң келетін айдың бірінші күні күшіне енеді.

2. Басқа мемлекеттер үшін осы Хаттама ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы өз құжаты сақтауға тапсырылған күннен кейін үш ай өткен соң келетін айдың бірінші күні күшіне енеді.

XXIX бап. Аумақтық бірліктер

1. Егер мемлекеттің осы Хаттамамен реттелетін мәселелерге қатысты әртүрлі құқықтық жүйелер қолданылатын аумақтық бірліктері болса, ол ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу кезінде осы Хаттаманың күші оның барлық аумақтық бірліктеріне немесе олардың біреуіне немесе одан да көбіне қолданылатыны жөнінде мәлімдей алады және кез келген уақытта басқа мәлімдеме жасай отырып, бұл мәлімдемесін ө з г е р т е а л а д ы .

2. Кез келген осындай мәлімдемеде осы Хаттама қолданылатын аумақтық бірліктер а н ы қ к о р с е т і л е д і .

3. Егер Уағдаласуши Мемлекет 1-тармаққа сәйкес мәлімдеме жасамаса, осы Хаттама мұндай мемлекеттің барлық аумақтық бірліктеріне қолданылады.

4. Уағдаласуши Мемлекет осы Хаттаманың күшін өзінің бір немесе бірнеше аумақтық бірлігіне қолданатын жағдайларда осы Хаттама бойынша жол берілетін мәлімдемелер әрбір осындай аумақтық бірлікке қатысты жасалуы мүмкін және бір

аумақтық бірлікке қатысты жасалған мәлімдемелер басқа аумақтық бірлікке қатысты жасалған мәлімдемелерден өзгеше болуы мүмкін.

5. Егер 1-тармаққа сәйкес мәлімдемеге байланысты осы Хаттаманың күші қандай да бір Уағдаласушы Мемлекеттің бір немесе біrnеше аумақтық бірлігіне қолданылатын б о л с а :

а) егер ол Конвенция мен осы Хаттама қолданылатын аумақтық бірліктे қолданыстағы заңнамаға сәйкес құрылған немесе қалыптастырылған болса ғана немесе егер оның тіркелген мекемесі немесе заңнамада көзделген штаб-пәтері, әкімшілік орталығы, шаруашылық қызметті жүргізу орны немесе Конвенция мен осы Хаттама қолданылатын аумақтық бірліктे әдеттегі тұру орны болса ғана, борышкер Уағдаласушы Мемлекеттің бірінде тұратын болып есептеледі;

б) объектінің қандай да бір Уағдаласушы Мемлекетте орналасуын көрсететін кез келген сілтеме объектінің Конвенция мен осы Хаттама қолданылатын аумақтық бірлікте орналасуын көрсетеді;

с) осы Уағдаласушы Мемлекетте әкімшілік органдарға жасалған кез келген сілтеме Конвенция мен осы Хаттама қолданылатын аумақтық бірліктे юрисдикциясы бар әкімшілік органдарға жасалған сілтеме ретінде қарастырылады, ал осы Уағдаласушы Мемлекетте ұлттық тіркелімге немесе тіркеу органына жасалған кез келген сілтеме Конвенция мен осы Хаттама қолданылатын аумақтық бірліктे немесе бірліктерде юрисдикциясы бар қолданыстағы авиациялық тіркелімге немесе тіркеу органына жасалған сілтеме ретінде қарастырылады.

XXX бап. Жекелеген ережелерге қатысы бар мәлімдемелер

1. Уағдаласушы Мемлекет осы Хаттаманы ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе оған қосылу кезінде осы Хаттаманың VIII, XII және XIII баптардың кез келген біреуін немесе біrnешеуін қолданатыны жөнінде мәлімдей алады.

2. Уағдаласушы Мемлекет осы Хаттаманы ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе оған қосылу кезінде осы Хаттаманың X бабының ережелерін толық немесе ішінара қолданатыны жөнінде мәлімдей алады. Егер ол мұндай мәлімдемені X баптың 2-тармағына қатысты жасаса, онда ол талап етілетін уақыт кезеңінің ұзақтығын атап көрсетеді.

3. Уағдаласушы Мемлекет осы Хаттаманы ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе оған қосылу кезінде X баптың А нұсқасының ережелерін толық қолданатыны немесе В нұсқасының ережелерін толық қолданатыны жөнінде мәлімдей алады және мұндай жағдайда, егер ондайлар бар болса, ол А нұсқасының ережелерін қолданатын дәрменсіздік бойынша рәсімдердің түрлерін және егер ондайлар бар болса, ол В нұсқасының ережелерін қолданатын дәрменсіздік бойынша рәсімдердің түрлерін көрсетеді. Осы тармаққа сәйкес мәлімдеме жасайтын Уағдаласушы Мемлекет XI бапқа

сәйкес талап етілетін үақыт кезеңінің ұзактығын атап көрсетеді.

4. Уағдаласуышы Мемлекеттердің соттары дәрменсіздікке қатысты бастапқы юрисдикцияны жүзеге асыратын Уағдаласуышы Мемлекет жасаған мәлімдемеге сәйкес

5. Уағдаласуышы Мемлекет осы Хаттаманы ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе оған қосылу кезінде XXI баптың ережелерін толық немесе ішінара қолданбайтыны жөнінде мәлімдей алады. Мұндай мәлімдемеде, егер тиісті бап ішінара қолданылатын болса, оның қандай шарттарда қолданылатыны немесе керісінше жағдайда уақытша сот қорғауының басқа қандай нысандары қолданылатыны көрсетіледі.

XXXI бап. Конвенцияға сәйкес мәлімдемелер

Конвенцияның 39, 40, 50, 53, 54, 55, 57, 58 және 60 баптарына сәйкес жасалған мәлімдемелерді қоса алғанда, Конвенцияға сәйкес жасалған мәлімдемелер, егер өзгеше көрсетілмесе, осы Хаттамаға да сәйкес жасалған мәлімдемелер ретінде қарастырылады.

XXXII бап. Ескертпелер мен мәлімдемелер

1. Осы Хаттамаға қатысты ешбір ескертпелер жасалмайды, алайда XXIV, XXIX, XXX, XXXI, XXXIII және XXXIV баптармен рұқсат етілген мәлімдемелер осы баптардың ережелеріне сәйкес жасалуы мүмкін.

2. Кез келген мәлімдеме немесе кейіннен жасалатын мәлімдеме туралы немесе осы Хаттамаға сәйкес жасалған мәлімдемені кез келген кері қайтарып алу туралы депозитарий жазбаша турде хабардар етіледі.

XXXIII бап. Кейіннен жасалатын мәлімдемелер

1. Кез келген қатысушы Мемлекет өзі үшін осы Хаттама күшіне енген күннен кейін кез келген уақытта ол жөнінде депозитарийді хабардар ете отырып, Конвенцияның 60-бабына сай XXXI бапқа сәйкес жасалған мәлімдемеден басқа кейіннен мәлімдеме жарай алады.

2. Осындай кез келген кейіннен жасалған мәлімдеме депозитарий хабарламаны алған күннен кейін алты ай өткен соң келетін айдың бірінші күні күшіне енеді. Егер хабарламада осы мәлімдеменің күшіне енуінің неғұрлым ұзак кезеңі атап көрсетілсе, ол депозитарий хабарламаны алғаннан кейін осындай неғұрлым ұзак кезең өткен соң күшіне енеді.

3. Алдыңғы тармақтардың ережелеріне қарамастан, осы Хаттама мұндай кейіннен

жасалған мәлімдемелер осындай кез келген кейіннен жасалған мәлімдеме күшіне енген күнге дейін туындаған барлық құқықтар мен кепілдіктерге қатысты жасалмағандай болып қолданыла береді.

XXXIV бап. Мәлімдемелерді кері қайтарып алу

1. Осы Хаттамаға сәйкес Конвенцияның 60-бабына сай XXXI бапқа сәйкес жасалған мәлімдемеден басқа мәлімдеме жасаған кез келген қатысушы Мемлекет депозитарийге жазбаша хабарлама жіберіп, оны кез келген уақытта кері қайтарып алуы мүмкін. Мұндай кері қайтарып алу депозитарий хабарламаны алған күннен кейін алты ай өткен соң келетін айдың бірінші күні күшіне енеді.

2. Алдыңғы тармақтардың ережелеріне қарамастан, осы Хаттама мәлімдемені мұндай кері қайтарып алу кез келген осындай кері қайтарып алу күшіне енген күнге дейін туындаған барлық құқықтар мен кепілдіктерге қатысты жүргізілмегендай болып қолданыла береді.

XXXV бап. Күшін жою

1. Кез келген қатысушы Мемлекет депозитарийді жазбаша хабардар ете отырып, осы Хаттаманың күшін жоя алады.

2. Кез келген мұндай күшін жою Депозитарий хабарламаны алған күннен кейін он екі ай өткен соң келетін айдың бірінші күні күшіне енеді.

3. Алдыңғы тармақтардың ережелеріне қарамастан, осы Хаттама мұндай күшін жою кез келген осындай күшін жою күшіне енген күнге дейін туындаған барлық құқықтар мен кепілдіктерге қатысты жүргізілмегендай болып қолданыла береді.

XXXVI бап. Ревизиялық конференциялар, тұзетулер және солармен байланысты мәселелер

1. Депозитарий Бақылаушы органмен кеңесе отырып, жыл сайын немесе мұны мән-жайлар талап еткенде қатысушы Мемлекеттер үшін осы Хаттамамен өзгертілген Конвенция құрған халықаралық режимнің іс жүзінде жұмыс істеу тәсіліне қатысты баяндамаларды дайындауды. Осындай баяндамаларды дайындау кезінде депозитарий Бақылаушы органның халықаралық тіркеу жүйесінің жұмыс істеуіне қатысы бар бағандамаларын ескереді.

2) Қатысушы Мемлекеттердің кемінде жиырма бес пайзызының өтініші бойынша депозитарий Бақылаушы органмен кеңесе отырып, мынадай мәселелерді:

а) осы Хаттамамен өзгертілген Конвенция іс жүзінде орындалуын және соның ережелерімен қамтылатын авиациялық объектілерді активтермен қамтамасыз етілген қаржыландыруға және олардың лизингіне жәрдемдесу ісіндегі оның тиімділігін;

- b) осы Хаттаманың және қағидалардың ережелерін сот ісі тұрғысынан түсіндіру м е н қ о л д а н у д ы ;
- с) Бақылаушы органның баяндамаларын ескере отырып, халықаралық тіркеу жүйесінің жұмыс істеуін, Тіркеушінің жұмысын және оның Бақылаушы орган т а р а п ы н а н қ а д ағ а л а н у ы н ;
- d) осы Хаттаманы немесе халықаралық тіркеу жүйесін қандай да бір өзгертудің орындылығын қарau үшін қатысушы Мемлекеттердің ревизиялық конференцияларын о қ т ы н - о қ т ы н ш а қ ы р ы п о т ы р а д ы .

3. Осы Хаттамаға кез келген түзетуді алдыңғы тармақта айтылған конференцияға қатысатын қатысушы Мемлекеттердің тым болмағанда үштен екісі көпшілік болып бекітеді және ол сегіз мемлекет осындай түзетудің күшіне енуіне қатысы бар XXVIII баптың ережелеріне сәйкес ратификациялаған, қабылдаған немесе бекіткен жағдайда, оны ратификациялаған, қабылдаған немесе бекіткен мемлекеттерге қатысты күшіне енеді.

XXXVII бап. Депозитарий және оның функциялары

1. Ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы құжаттар осы арқылы депозитарий болып белгіленетін Халықаралық жеке құқықты біріздендіру институтына (УНИДРУА) сақтауға тапсырылады.

2. Д е п о з и т а р и й :

a) барлық Уағдаласушы Мемлекеттерге:

i) тиісті күндері көрсетіле отырып, ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы құжатқа әрбір жаңа қол қою немесе осындай құжатты әрбір жаңа сақтауға тапсыру туралы ;

ii) осы Хаттаманың күшіне енген күні туралы;

iii) тиісті күндері көрсетіле отырып, осы Хаттамаға сәйкес жасалған әрбір мәлімдеме туралы ;

iv) тиісті күндері көрсетіле отырып, кез келген мәлімдемені кері қайтарып алу немесе өзгерту туралы ;

v) тиісті күні және күшін жоюдың күшіне енген күні көрсетіле отырып, осы хаттаманың күшін жою туралы хабардар ету жөнінде хабарлайды;

b) барлық Уағдаласушы Мемлекеттерге осы Хаттаманың расталған түпнұсқалы көшірмелерін жібереді ;

c) Бақылаушы органға және Тіркеушіге ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы құжаттың сақтауға тапсырылған күнін көрсете отырып әрбір осындай құжаттың көшірмесін, әрбір мәлімдеменің немесе мәлімдемені кері қайтарып алушың немесе мәлімдемені өзгертудің көшірмесін және күшін жою туралы хабарламаның күнін көрсете отырып, әрбір осындай хабарламаның көшірмесін соларда қамтылған

ақпарат жалпыға қолжетімді болатындағы етіп береді;
d) депозитарийлер үшін әдеттегі болып табылатын басқа функцияларды да орындаиды.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН тиісті түрде уәкілеттік беріліп, төменде қол қойған өкілетті өкілдер осы Хаттамаға қол қойды.

Екі мың бірінші жылғы қараша айының он алтысы күні Кейптаунда орыс, ағылшын, араб, испан, қытай және француз тілдерінде жалғыз түпнұсқа данада ЖАСАЛДЫ әрі барлық мәтіндер тентүпнұсқалы болып табылады, ол мұндай тентүпнұсқалылыққа Конференцияның бірлескен хатшылығы Конференция Төрағасының өкілеттіктері шенберінде осында көрсетілген күннен бастап тоқсан күн ішінде оларды бір-біріне сәйкес келтіру тұрғысынан тексергеннен кейін ие болады.

Қосымша

ТІРКЕУДЕН АЛЫП ТАСТАУҒА ЖӘНЕ ӘКЕТУГЕ АРНАЛҒАН КЕРІ ҚАЙТАРЫП АЛЫНБАЙТЫН ӨКІЛЕТТІК НЫСАНЫ

XIII бапта сілтеме жасалатын қосымша
[Күні]

Кімге: [тіркеу органдың атауы]

Мазмұны: тіркеуден алып тастауға және әкетуге арналған кері қайтарып алынбағыттын өкілеңтік.

Төменде қол қойған тұлға тіркелген, [пайдаланушы] [иеленуші] болып табылады* [әуе кемесінің планерін/тікүшшакты жасап шығарушының атауы және модельдің номірі], жасап шығарушының сериялық номірі берілген [жасап шығарушының сериялық номірі] және тіркеу [номірі] [белгісі] [тіркеу номірі/белгісі] (барлық орнатылған, монтаждалған немесе қоса берілген керек-жараптары, бөлшектері мен жабдықтары бар жиынтықта - «әуе кемесінің»). Осы құжат төменде қол қойған тұлға Жылжымалы жабдыққа қатысты халықаралық кепілдіктер туралы конвенцияға Авиациялық жабдық жөніндегі хаттаманың XIII бабының ережелеріне байланысты [кредитордың атауы] («уәкілетті тараптар») пайдасына берген тіркеуден алып тастауға және әкетуге арналған кері қайтарып алынбайтын өкілеңтік болып табылады.

Көрсетілген бапқа сәйкес төменде қол қойған тұлға осы арқылы:

i) уәкілетті тарап немесе осы тарап белгілеген тұлға:

a) 1944 жылғы 7 желтоқсанда Чикагода қол қойылған Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның III тарауының мақсаттары үшін [тіркеу органдың атауы] жүргізетін [әуе кемелері тіркелімінің атауы] әуе кемесін тіркеуден алып тастауды қамтамасыз етуге;

b) әуе кемесінің [елдің атауы] физикалық орын ауыстыруын қамтамасыз етуге;

ii) төменде қол қойған тұлғаның келісімінсіз жазбаша талап ету бойынша уәкілетті тарап немесе осы тарап белгілеген тұлғаның жоғарыда i) тармағында көрсетілген іс-әрекеттерді жасауы мүмкін екенін және мұндай талап қойылғаннан кейін [елдің атауы] өкілетті органдары осындай іс-әрекеттерді тез арада аяқтау мақсатында уәкілетті тараппен ынтымақтасатынын растауға құқығы бар дара тұлға болып табылатынын

м о й ы н д а у д ы

с ұрайды.

Уәкілетті органның осы құжатта белгіленген құқықтарын төменде қол қойған тұлға уәкілетті тараптың жазбаша келісімінсіз кері қайтарып ала алмайды.

* Ұлттық тиесілігін тіркеудің тиісті критерийін көрсететін терминді таңдау.

Құжаттың төменгі бөлігінде сол үшін бөлінген тұста тиісті жазба енгізу және осы құжатты [тіркеу органының атауы] беру арқылы осы сұрау салумен және оның шарттарымен

келісітініңізді

растады

сұраймын.

[Пайдаланушиның/иеленушінің атауы]

Келісілді және берілді [Қол қойған адамның тегі]
[Күні] [Қол қойған адамның лауазымы]

[Тиісті адресатты көрсету]

Қосынша

Қазақстан Республикасының Авиациялық Хаттаманың мақсаттарына арналған мәлімдемелері

№ 19 нысан. VIII бапқа қатысты XXX(1) бап бойынша мәлімдемелер: Қазақстан Республикасы өзінің VIII бапты қолданатынын мәлімдейді.

№ 21 нысан. X бапқа қатысты соңғысының ережелерін толықтай қолдануды көздейтін XXX(2) бап бойынша мәлімдемелер:

Қазақстан Республикасы X бапты толықтай қолданатынын, және X(2) көрсетілген шекті мерзімнің мақсаттары үшін пайдаланылатын жұмыс күндерінің саны

(A) Конвенцияның 13(1)(a), (b) және (c) баптарында белгіленген шараларға қатысты (авиациялық объектілерді сақтау және олардың құны туралы; авиациялық объектілерді иелікке, бақылауға немесе сақтауға беру туралы; авиациялық объектілердің орналасқан жерін өзгертуге тыйым салу туралы) күнтізбелік 10 (он) күннен аспауы тиіс екенін;

(B) Конвенцияның 13(l)(d) және (e) баптарында белгіленген шараларға қатысты (авиациялық объектіні лизингіге немесе, a)-с) тармақшаларымен қамтылатын тармақтарды қоспағанда, көрсетілгеннен табис алумен басқаруға беру туралы) - күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспауы тиіс екенін мәлімдейді.

№ 23 нысан. А Нұсқасын дәрменсіздік жөніндегі рәсімдердің барлық түрлеріне толықтай қолдануды көздейтін XI бапқа қатысты XXX(3) бап бойынша мәлімдемелер:

Қазақстан Республикасы XI бапты, А Нұсқасын дәрменсіздік жөніндегі рәсімдердің барлық түрлеріне толықтай қолданатынын және осы Нұсқаның XI(3) бабының мақсаттары үшін күту мерзімі күнтізбелік 60 (алпыс) күндерді қурайтынын мәлімдейді.

№ 26 нысан. XII бапқа қатысты XXX(1) бап бойынша мәлімдемелер: Қазақстан Республикасы өзінің XII бапты қолданатының мәлімдейді.

№ 27 нысан. XIII бапқа қатысты XXX(1) бап бойынша мәлімдемелер: Қазақстан Республикасы өзінің XIII бапты қолданатының мәлімдейді.

Жылжымалы жабдыққа қатысты халықаралық кепілдіктер туралы конвенцияға Авиациялық жабдық жөніндегі хаттаманың мемлекеттік тілдегі мәтіні орыс тіліндегі мәтінімен тең түпнұсқалы.

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация министрлігінің
Құжаттамалық қамтамасыз ету және
мемлекеттік тілді дамыту
департаментінің директоры Е. Наурызбаева

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
күкүйктық ақпарат институты» ШЖҚ РМК